экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1]. Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге белгілі. Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден туындап отыр, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [2].

Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік- педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» – кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. Болашақ кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы.

Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық қырларын Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында мұғалімдердің кәсіби даярлау), Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), С.И.Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген. Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы. Бұл ғылыми педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің

теориясы мен әдістерінде, гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылып жүр. Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген белсенді іс-әрекеттен көрінеді. Осы ретте еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында, оның ішінде болашақ педагог даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Кәсіби құзыреттілік ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар: адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның жұмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары.

Б.Т.Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез-келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады» – деп анықтама береді [3]. Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Сондықтан, кәсіби білімді маманның құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асырум болып табылады. Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі [3]. Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген түсінік бере аламыз.

Сонымен педагог-психолог, ғалымдардың пікірі бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманның бойында белгілі бір құзіреттіліктер қалыптасуы қажет. Біріншіден, бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б); Екіншіден, мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті); Үшіншіден; оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу); Төртіншіден; коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде

қатынас дағдылары болуы); Бесіншіден, ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті); Алтыншыдан, әлеуметтік-еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті); Жетіншіден, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Қорыта келе, кәсіби құзыреттілік ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады. Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 14 желтоқсан, 2012
2. Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010
3. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту.//Білім берудегі менеджмент, №4. 2009

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ В ФИЗИКЕ

Б.С. Желдыбаева, Н.А. Арнабек

Организация общения между учителями и учениками при определении педагогико-психологических проблем управления учебным процессом требует от учителя наличия теоретических знаний. Профессиональные педагогические функции будущего специалиста: конструктивные, организационные, коммуникативные, развивающие, информационные, исследования. Главная задача – овладеть сложным содержанием образования, внедрить современные процессы обучения и учителя, педагогический процесс, взаимозависимые и взаимосогласованные действия учителей и студентов. Поэтому возникает вопрос о реализации форм и методов работы студентов и преподавателей перед современным высшим образованием.

В настоящее время осуществляется комплексный оборот в секторе образования страны, направленный на решение наиболее важных задач воспитания конкурентоспособной генерации. Профессиональная способность учителя напрямую связана с его саморазвитием. Чтобы решить эту проблему с точки зрения социально-педагогического подхода, необходимо обеспечить, чтобы учитель был готов выполнять свои обязанности в качестве предмета. Конечно, его профессиональный рост весьма специфичен для его личности. Вот почему можно познакомиться с потребностями человека в формировании личности, бизнес-методологическом совершенствовании, профессиональном и предметном знании.

***Ключевые слова:** творческие способности; будущий учитель; студенты; физика; проблема обучения; педагогическое состояние*

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE FORMATION OF THE FUTURE CREATIVE ABILITIES OF TEACHERS IN PHYSICS

B. Zheldybayeva, N. Arnabek

The organization of communication between teachers and students in determining the pedagogical and psychological problems of managing the educational process requires the teacher to have theoretical knowledge. Professional pedagogical functions of the future specialist: constructive, organizational, communicative, educational, informational, research. The main task is to master the complex content of education, introduce modern processes of teaching and learning, the pedagogical process, interdependent and mutually agreed actions of teachers and students.

Currently, a comprehensive turnover is taking place in the country's education sector, aimed at solving the most important tasks of raising competitive generation. The professional ability of the teacher is directly related to his self-development. Of course, his professional growth is very specific to his personality. That is why you can get acquainted with the needs of the person in the formation of personality, business methodological improvement, professional and substantive knowledge.

Key words: *creativity; future teacher; students; physics; the problem of learning; pedagogical condition*

МРНТИ: 37.81.47

Б.С. Желдыбаева, Н.А. Елемесова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ ФИЗИКА ПӘНІНЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа: *Болашақ педагогтердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазіргі мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу.*

Әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудегі инновациялық үдерістерге қолдау көрсету. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға; түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық белсенеді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етуге жағдай жасау.

Орта білім беру жүйесінде жаңартылған білім мазмұнын оқыту әдістемесінің жеке мәселелерін қарастырған кезде бағдарламаның жеті модулі мән мәтінінде мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар мәселелерге (оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сын тұрғысынан ойлауға үйрету, оқу үшін бағалау және оқуды бағалау, оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық) көңіл бөлу керек.

Түйін сөздер: *болашақ мұғалім; жаңартылған білім; білім алушылар; физика пәні; оқыту мәселесі; педагогикалық әдістер*

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу

міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп А.Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал, оның негізі мектептен қаланбақ. Сондықтан да жаратылыстану пәндерін оқытқанда әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жаратылыстану пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді [1]. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды, ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен

бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады [2]. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында физика пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты [3]. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

М.Әуезовтың «Халық пен халықты ел мен елді теңестірген білім» деп айтқан сөзі адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері білім жүйесін енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымыздың жарқын бейнесі. Себебі қай мемлекет болмасын оның дамуы білімді, білікті азаматтарға иек артады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жастар – ертеңгі мемлекетті дамытушы білімді, білікті маман, ел тағдырын шешуші азаматтар.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. – 2012 ж.
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. – 2016 ж.
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. – 2016 ж.

МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ВОЗОБНОВЛЯЕМОЙ ФИЗИКИ В СИСТЕМЕ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Б.С. Желдыбаева, Н.А. Елемесова

Чтобы удовлетворить образовательные потребности будущих учителей для приобретения дополнительных знаний и навыков, чтобы помочь нынешним учителям быть готовыми к непрерывному профессиональному развитию в быстро меняющихся условиях.

Поддержка инновационных процессов в образовании, обеспечение эффективности методологической работы. Развивать навыки будущего самоконтроля для будущих учителей; создать эффективные условия для эффективной коммуникации с разными людьми, добиться успеха в современном мире, повысить конкурентоспособность в цифровых технологиях, предоставить необходимые знания и практическую подготовку в организации образовательного процесса, который поможет сформироваться как будущий специалист.

Рассматривая отдельные вопросы содержания обновленного учебного контента в системе среднего образования, в семи модульных модулях программы есть ряд вопросов методологического характера, таких как подходы к обучению и обучению, критическое мышление, оценка и оценка обучения, использование коммуникационных технологий, талантливых и талантливых детей, обучение и обучение в соответствии с возрастом, управление обучением и лидерством) должны быть разделены.

Ключевые слова: *будущий учитель, обновленное образование, студенты; физика; проблема обучения; педагогические методы.*

METHODS OF TEACHING THE CONTENT OF RENEWABLE PHYSICS IN SECONDARY EDUCATION

B. Zheldybayeva, N. Elemesova

To meet the educational needs of future teachers to acquire additional knowledge and skills, to help current teachers be prepared for continuous professional development in a rapidly changing environment.

Support innovative processes in education, ensuring the effectiveness of methodological work. Develop future self-control skills for future teachers; create effective conditions for effective communication with different people, achieve success in the modern world, increase competitiveness in digital technologies, provide the necessary knowledge and practical training in organizing the educational process that will help you to develop as a future specialist.

Considering individual issues of the content of updated educational content in the secondary education system, there are a number of methodological issues in the seven module modules of the program, such as approaches to teaching and learning, critical thinking, education and learning according to age, learning management and leadership) should be separated.

Key words: *future teacher, renewed education, students; physics; the problem of learning; pedagogical methods*

FTAXP: 20.01.07

Ж.Е. Ержанова, Е.Т. Абильмажинов, А.С. Рысжанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

3D-ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа: *Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін болашақ ұрпағын тәрбиелеу керек. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде аддитивті технологиялар саласындағы құзыреттілікке ие мамандарға деген қажеттілік туындауда.*

Үшөлшемді компьютерлік графика – өте кең сала, ол машина жасауда, архитектурада, құрылыста, медицинада, археологияда, тренажерлар құруда, кино мен теледидарда қолданыс тапқан. Техниканы жетілдіру және 3D моделдермен жұмыстықарапайымдастыру арқылы үш өлшемді графика үйреншікті жазық бейнелерді ығыстыра отырып, өмірдің ажырамас бір бөлігіне айналары сөзсіз. Бүгінгі ақпараттандыру заманында студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр.

Мақалада студенттерді оқыту үдерісінде 3D-технологияны қолдану мүмкіндіктері талқыланады. Негізгі құрылғылар 3D-принтер мен 3D-қалам қарастырылған. Оқу үдерісіндегі 3D-құрылғыларын пайдаланудың жетістіктері және олардың білім беру нәтижелері сипатталады.

Түйін сөздер: білім беру саласындағы 3D-технология, 3D модельдеу, аддитивті технология, 3D-принтер, 3D-қалам

Қазіргі заманғы қоғам жоғары технологиялардың пайда болуымен және адам өмірінің барлық салаларын қарқынды компьютерлендіру мен сипатталады. Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіс екеніміз айтылған. Сондай-ақ, 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқада перспективалы салаларды дамыту керектігі назарға алынған. Сондықтан қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. ХХІ ғасырда қазіргі заманғы индустрияның көптеген салаларында революциялық жетістіктер «қосалқы өндіріс деп аталатындарға қарағанда (мысалы, дәстүрлі механикалық өңдеу) айырмашылығы бар, материалды дәйекті қолдану арқылы (әдетте, қабаттағы дәйекті қолдану арқылы) үшөлшемді компьютерлік модельдің күрделі пішінді бөлшектерін өндіріске арналған озық технологиялар классын жасады». Осыған байланысты жоғары білім берудің барлық салаларында мамандарды даярлауға жоғары талаптар қойылады, яғни оқу үдерісін ұйымдастыруға заманауи технологиялық және әдістемелік тәсілдерді ескере отырып, университеттің білім беру қызметін жаңғырту қажеттілігі туындайды: бакалавриат және магистратура бағдарламаларының негізгі білім беру бағдарламаларында 3D модельдеу курстарын енгізу; инновациялық қызметті ынталандыруға және жоғары оқу орындарының студенттері мен ғылыми-педагогикалық ұжымының шығармашылық бастамасын көтеруге ықпал ететін бәсекеге қабілетті ғылыми және білім беру ортасын құру. Сонымен қатар жаңа технологияны меңгеру студенттердің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [1].

Білім беру саласындағы 3D технологиялары сізге көрнекі оқу құралдарын алуға, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ студенттердің оқу процесін қызықты және көрнекі етеді.

Бүгінгі таңда білім беру саласында студенттерге тақырыпқа терең енуге мүмкіндік беретін 3D принтерлер кеңінен қолданылады. Модельдің компьютерлік нұсқасынан нақты объектіні басып шығару моделін жасау студенттерге модельдеудің шынайы үлгілерін меңгеруге, басып шығару технологиясы туралы білуге және т.б. мүмкіндік береді. Үш өлшемді үлкен бөлшектерді өзіміздің басымызда елестету қиын, ал модельді баспадан шығару арқылы студент оған түзетулер енгізе алады және өз жұмысын кемшіліктерін байқаса жақсартуға тырысады. Бұған қоса, жасаған жұмысты қолымызда ұстап көріп, сезіну әрқашан жағымды болып табылады [2].

3D басып шығару немесе аддитивті өнім дегеніміз – физикалық құралдың алдын ала жіберілген қатпарлы цифрлық 3D суреті немесе моделі арқылы жасау барысындағы үдеріс. Көз алдыңызға батон нанның бөлшектене дайындалып жатқанын елестетіңізші. 3D басып шығаруы өте күрделі өнімдерді жеңіл жабдықтармен жасап шығару әлеуетіне ие. Ерте ме, кеш пе 3D принтерлері арқылы материалдың көптеген түрлері пайдаланатын болады. Мәселен, пластик, алюминий, тот баспайтын құрыш, керамика, тіпті ең күрделі материал қорытпаларын да пайдаланып, 3D принтерлері бүкіл фабрика атқаратын жұмысты өз міндетіне алады. 3D басып шығару – жел трибунасынан бастап ойыншықтарға дейін өз алдына түрлі практикалық қолданыстар нәтижелеріне ие.

3D принтерлері заттарды ғана емес, адам «биопринтинг» (био басып шығару) көмегі арқылы адамның дене мүшелерін де жасап шығаратын уақыты келеді. Бұйымдарды басып шығару ақылға қонымды әрі түсінікті, ал ағза мүшелері болса, цифрлық 3D моделімен қатпарлана басып шығарылады. Ағза мүшелерін басып шығару үшін пайдаланылатын материалдардың әрине велосипедті басып шығаруға керек материалдан айырмашылығы зор. Сүйек жасау үшін көптеген мүмкіндігі жоғары материалдармен, мысалы, титан ұнтағымен эксперимент жасауға болады. 3D басып шығару технологиясының жеке тұтыну қажеттілігін қанағаттандыру мәселесінде әлеуеті өте жоғары, ал адам үшін өз денесінен құнды ештеңе жоқ.

Модельдер – оқу үрдісінде оқыту әдісі ретінде кеңінен қолданылады. Бұл кітапта жазылған модельдер туралы көрнекі идея алу мүмкіндігі.

Үшөлшемді басып шығару арқылы әртүрлі оқыту әдістерін қолдануға болады. Мұғалім әр студенттің пәнге қатысты өз көзқарастарын біліп, алған білімінетүзету енгізе алады. 3D принтерлер оқу үрдісінде жақсы көмекші бола алады және оның келесі артықшылықтары бар:

1. кез келген пішіннің өте үлкен үлгілерін басып шығару;
2. модельдің прототипін басып шығару;
3. геометриялық объектілерді басып шығару, яғни нақты модельдер бойынша математикалық формулаларды тестілеу;
4. кейбір технологиялар қарапайым және интуитивті бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға мүмкіндік береді [3].

Қазіргі таңда 3Doodler қаламсаптарын қолдану танымал бола бастады. 3D қалам – қағазға емес, кеңістікте сурет салуға мүмкіндік беретін құрал. Бұл 3D модельдеу саласындағы технологиялық серпіліс болып табылады.

Бірегей үш өлшемді қаламның салмағы 200 грамм шамасында, бұл керемет жеңілдікпен 3D кескіндерді жасауға мүмкіндік береді. Оныңжұмысында ешқандай арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету және қосымша жабдықтар қажет емес, тек қуат көзін қажет етеді. Көптеген адамдар үшін 3Doodler қаламын пайдалануды үйрену үшін бірнеше сағат жеткілікті, сол себепті студенттер ешқандай қиындықсыз өз қиялдарындағы жаңа және де бірегеймодельдерді сала алады.

3D қаламның жұмыс істеу принципі қарапайым. Сия орнына пластикалық жіп қолданылады. 3D қалам пайдалануда зияны жоқ және улы емес, өйткені пластик ауаменәрекеттескен кезде дереу қатып қалады. ABSпластик жиі қолданылады, себебі оны ұзақ мерзімде қолдануға болады, тозуға төзімді, бірақ оның негізгі кемшілігі күйдірілген пластик пен шөгудің иісі болады.

3Doodler қаламын қолдану аясыұлкен. Қалам білім беру жүйесінде модельдің прототипін жасау, геометрия, сызу сабақтарында мысал келтіруге, сурет салуға және т.б. көмектеседі, сондай-ақ балалардың көзқарастарын кеңейтеді, кеңістіктікте ойлауды және қолдың моторикасын дамытады.

Біздің ойымызша, 3D технологиясы мектептерде де, жоғары оқу орындарында да оқу процесінің ажырамас бөлігі болуы керек. Бұл технология мына пәндер бойынша қолданылуы мүмкін:

- География – 3D-модельдеу және жер шарын визуализациялау үшін;
- Тарих – ежелгі археологиялық қазбада табылғандарды, тарихи оқиғаларды және т.б. модельдеу үшін;
- Анатомия – дене мен органдардың жеке бөліктерін модельдеу үшін;
- Биология және химия – толыққанды молекулярлық модельдер жасау, ДНҚ жолдарын, электрлік зарядты немесе атом құрылғысын анық көрсете білу.
- Информатика, онда «Модельдеу және формализация» осы курстың ең маңыздыбөлімі болып табылады.

3D модельдеу қолданылатын салалардың тізімі ұсынылған тақырыптық алаңдармен аяқталмайды, бұл технологияның мүмкіндіктері шектеусіз. Оқу үрдісінде осы технологияны пайдаланудың басты артықшылығы студенттердің тақырыпқадеген қызығушылығын арттырады, өйткені ол өз қызметінің нәтижесі бойынша нақты өнімді алуға мүмкіндік береді. Студенттер өздерінің жұмыс нәтижесін бағалауға, қателіктерін талдау және түзету жұмысын жүргізе алады. 3D-технологиялар оқу үрдісін белсенді етуге, студенттердің шығармашылығын дамытуға және зерттеу жұмысына мүмкіндік береді [4].

Студенттердің жобалауға арналған қосымша технологияларға байланысты құзыреттілікті қалыптастыру 3D-принтерлерде 3D-модельдерді компьютерде модельдеуден бастап, 3D-принтерге шығаруға, өз қызметінің басқа бағыттарында технологиялық жабдықпен жұмыс істеу дағдысын қолдана отырып, прототиптеу үдерісімен танысуға мүмкіндік береді, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болуына жол ашады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, оқу үрдісіндегі 3D технологиясын пәндерде қолдану мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: графикалық жұмыстарды орындау уақытын айтарлықтай қысқартуға; жасалған үлгілерді өзгерту және әрі қарай түзетуге; техникалық объектілердің жобаланған үлгілерін сапалы құруға және қысқа мерзімдерде жобалық және жұмыс құжаттамаларын жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Андреев-Твердов А.И., Боровиков И.Ф., Калинин В.И., Яковук О.А. Формирование компетенций, необходимых для разработки конструкторской документации, у студентов технических университетов // Педагогика. Вопросы теории и практики. 2017. – № 3 (7). – С. 10-13
2. Эдвард Э. Интерактивная компьютерная графика. Пер. с англ. – М.: Вильямс, 2001. 92 с.
3. Ильюшенко Н.В., Уланович А.В., Селезнев В.А. Объемное моделирование и прототипирование в литейном производстве // Современные наукоемкие технологии. 2013. № 8-2. – С. 198-200
4. Лейбов А.М., Каменев Р.В., Осокина О.М Применение технологий 3D-прототипирования в образовательном процессе // Современные проблемы науки и образования. 2014. – № 5. – С. 93

ВОЗМОЖНОСТИ 3D-ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАНИИ

Ж.Е. Ержанова, Е.Т. Абильмажинов, А.С. Рысжанова

Основой нашего независимого государства является образованное поколение. XXI век станет веком образованных людей. Адаптироваться к новому этапу будет нелегко. Для этого нам нужно воспитывать будущие поколения. На современном этапе развития общества наблюдается острая необходимость в специалистах, владеющих компетенциями в области аддитивных технологий.

Трехмерная компьютерная графика - очень широкая область, которая используется в машиностроении, архитектуре, строительстве, медицине, археологии, симуляторах, кино и телевидении. Совершенствуя технологии и упрощая работу с 3D-моделями, трехмерная графика, несомненно, станет неотъемлемой частью жизни, заменив привычные простые изображения. В современный период информатизации развитие творческих способностей студентов является одной из высших целей образования.

В статье рассмотрены возможности применения 3D-технологий в процессе обучения студентов. В качестве основных устройств рассмотрены 3D-принтер и 3D-ручка. Отмечены их достоинства в образовательном процессе и описаны образовательные результаты, на которые могут быть нацелены использование 3D-устройств.

Ключевые слова: 3D-технологии в образовании, 3D моделирование, аддитивные технологии, 3D-принтер, 3D-ручка

POSSIBILITIES OF 3D TECHNOLOGIES IN EDUCATION

Zh. Erzhanova, E. Abilmazhinov, A. Riszhanova

The basis of our independent state is the educated generation. The 21st century will be the century of educated people. Adapting to the new stage will not be easy. For this we need to educate future generations. At the present stage of development of society, there is an urgent need for specialists who possess competences in the field of additive technologies.

Three-dimensional computer graphics is a very broad area that is used in engineering, architecture, construction, medicine, archeology, simulators, film and television. Improving technology and simplifying work with 3D models, three-dimensional graphics will undoubtedly become an integral part of life, replacing the usual simple images. In the modern period of

informatization, the development of students' creative abilities is one of the higher goals of education.

The article considers the possibility of using 3D-technology in the process of teaching students. The main devices considered 3D-printer and 3D-pen. Their merits in the educational process are noted and the educational results are described, which can be aimed at using 3D-devices.

Key words: 3D-technologies in education, 3D modeling, additive technologies, 3D-printer, 3D-pen

FTAXP: 14.25.07

Р.Г. Кушибаева, Г.К. Джумажанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ – КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа: Мақалада кәсіби-дидактикалық құзіреттілікті екі аспектіде қарастырылады: кәсіптік дайындықты көтеруге арналған білімнің мақсаты; өзінің кәсіптік қызметін жүзеге асырушы мұғалімнің жай-күйін бейнелейтін аралық нәтиже, сонымен қатар педагогтың дидактикалық құзіреттілігінің дамуын зерттеушілер ұстаздың кәсіби қалыптасуының бастапқы кезеңінде бұл үрдіс салыстырмалы түрде дербес болатынын, біртіндеп, толыққанды біртұтас кәсіби мәнді сапаға айналатыны айтылған. Автор мақалада «құзіреттілік», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасын ажыратып көрсеткен. Болашақ мектеп мұғалімінің бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда дидактикалық, ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше назар аударылған. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – болашақ мектеп мұғалімдерінің дидактикалық құзіреттілігін үздіксіз дамыту, қазіргі таңда кәсіби құзіреттілігін үздіксіз жетілдіруде бірнеше міндеттер жүктеліп отырғанын ашып көрсетілген. Болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін шығармашыл тұлға ретінде қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады.

Түйін сөздер: шығармашылық, кәсіби-дидактикалық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, құзырлылық, құзіреттілік», құзыр, шығармашылық рефлексия

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менің» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір тұлға өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Білімін тұрақты көтеріп отыру – педагогтардың құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Болашақ маманның дидактикалық құзіреттілігі - оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Маман қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның дидактикалық құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі ғалым Т.Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі болашақ маманнан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Болашақ маманның өз

кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы болашақ маман өзінің білімін, жалпы дүниетанымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық – педагогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады. Сол кезде ғана болашақ маманның өзіне-өзі баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Білім – болашақ маман үшін оның шығармашылық әлеуетін дамытудың үрдісі. Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайды. Кімде кім оған қол жеткізгісі келсе әрекет етуі, күш салуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда кез келген білім-ол өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы өз білімін көтеруге негіз болады. Болашақ маман шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзіреттілік аясын кеңітеді. Кәсіби құзіреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама. Кәсіби құзіретті еңбек деп – маманның педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуы деп санаймыз.

«Құзіреттілік», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады:

А) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады.

Ә) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет.

Б) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Қазіргі кездегі болашақ мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады.

Болашақ мектеп мұғалімінің бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда дидактикалық, ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану маманнан кәсіби шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады.

Дидактикалық, ақпараттық құзіреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап таңдап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзіреттілік болашақ мектеп мұғалімдерінің білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен қарым-қатынаста болу тәсілдерін білуді, топпен жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды [1]. «Ұстаз қандай болса қоғамы сондай» деген бұлжымас заңдылық қай қоғамда да көкейкесті. Сондықтан да бүгінгі күннің өзекті мәселесі – болашақ мектеп мұғалімдерінің дидактикалық құзіреттілігін үздіксіз дамыту. Қазіргі таңда кәсіби құзіреттілігін үздіксіз жетілдіруде мынандай міндеттер жүктеліп отыр:

1. Мамандығы бойынша негізгі дайындығы болуы;
2. Адамдардың адамға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларын білуі;
3. Қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып жаңа білім алуы және өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білуі;
4. Компьютерлік техниканы меңгеруі;
5. Ғылыми іскерлік, қоғамдық, саяси, және тұрмыстық тілдер ауқымында мемлекеттік және шетел тілдерінде сөйлесе білуі.

Қоғамның сұранысын қанағаттандыру ұстаздан жоғары мәдени адами құндылықтар мен сенімдердің қалыптасқан жүйесін, кәсіби белсенділік пен өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысты талап етеді. Осыған байланысты мұғалім тұлғасын үнемі шыңдап отыру қажет. Міне, болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру жүйесінің негізгі міндеті осыдан туындайды: ол маманның кәсіби құзіреттілігін тұлғалық қасиеттерімен үйлесімді дамыту болып табылады. Еркін әрі белсенді ойлауға, оқу тәрбие үрдісін моделдеуге, жаңа идеяларды өзі туындатып, іске асыруға қабілетті маман кәсіби құзіреттілігінің деңгейін көтеру мәселесі - қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Біріншіден, кәсіби құзіретті оқытушы оқу-тәрбие жұмысы барысында шығармашыл оқушыны қалыптастыруға жағымды ықпал ете алады, екіншіден, өзінің кәсібінде үздік нәтижелерге қол жеткізе алады, үшіншіден, өзінің кәсіби мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыра алады.

Кәсіби-дидактикалық құзіреттілікті екі аспектіде қарастырады: кәсіптік дайындықты көтеруге арналған білімнің мақсаты; өзінің кәсіптік қызметін жүзеге асырушы мұғалімнің жай-күйін бейнелейтін аралық нәтиже. Педагогтың дидактикалық құзіреттілігінің дамуын зерттеушілер ұстаздың кәсіби қалыптасуының бастапқы кезеңінде бұл үрдіс салыстырмалы түрде дербес болатынын, біртіндеп, толыққанды біртұтас кәсіби мәнді сапаға айналатынын айтады. Құзіреттілік - әлеуметтік мәселе, сондықтан тек кәсіби емес, педагогтың жеке қасиеттері де белгілі бір мәнге ие болады.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуын және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі жастарды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әр түрлі көрсеткіштерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері, материалдық техникалық базалары т.б. бойынша анықталады.

Білім сапасы педагог қызметінің сапасына тікелей байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесінің табысты болуы болашақ маманның тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты болып келеді. Болашақ маманның кәсіби маңызды қасиеттерін зерттеумен айналысқан педагогтар: А.К. Маркова, Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина, В.П. Симонов, К.Д. Успанов, А.А. Молдажанова т.б.

Болашақ маманның кәсіби негізгі қасиеттеріне мыналар жатады:

оқушыларға деген сүйіспеншілігі,
педагогикалық процесті жүйелі жүргізе алуы,
бақылағыштылығы,
педагогикалық құбылыстарға талдау жасай алуы,
педагогикалық ойлаудың қалыптасуы,
қарым-қатынас жасай алуы,
ұжымшылдығы,
шығармашылығы және т.б.

Педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері ретінде оның балаға деген ынта-ықыласын, сүйіспеншілігін, педагогикалық еңбекке қызығушылығын, психологиялық-педагогикалық сезгіштігін, байқағыштығын, әділдігін, талап қоя білушілігін, табандылығын, ұстамдылығын, өзін-өзі басқару білуін, қайырымдылығын, мейірімділігін, кәсіби еңбекті сүйе білуін, ғылыми ой-өрісінің тереңдігін, рухани танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық белсенділігін, педагогикалық өздігінен білім алуға ынталылығын, шығармашылық пен ынтымақтастықты қолдауын, жаңашыл педагогтардың идеяларын түсінуін, қабылдауын атап өтуге болады.

Педагог шығармашылығы деп - өзгермелі жағдайларда педагогикалық міндеттерді шеше алу процесін атауға болады. Шығармашыл тұлғаның ерекше жеке іскерлік қасиеттерін ерекшелендіріп тұратын қасиеттерін «креативтілік», – деп атаймыз [2]. Зерттеушілер Е.С. Громов және В.А. Мояко креативті іскерліктің мынадай белгілерін көрсетеді: ерекшелік, эвристикалық, фантазия, белсенділік, анықтылық-нақтылық, сезімталдық және т.б. Шығармашылық педагогқа бастамашылдық, дербестік, ойлау, сезіну, танымға деген құштарлық сияқты қасиеттерді меңгеруді қажет етеді. Атақты педагог ғалым В.А. Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым – шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады» - деп ұстаздық өнерге ерекше баға берген.

Болашақ педагогтарға тәрбие беру ісінде, педагогтың атқаратын міндеті өте зор. Бұл мәселе әрқашанда педагогика ғылымының өзекті мәселелері болып табылады. Адамгершілік, әдептілік, имандылыққа тәрбиелеу ісінің жеке өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары бар [3].

Педагогтің өз еңбегіне, сапалы көрсеткішіне зерттеу және талдау жасау біліктілігіне қарай шығармашылық мынандай деңгейлерге бөлінеді:

1. Ақпараттық-өндірушілік: педагог басқаның тәжірибесін ескере отырып, нәтижеге жету жолындағы педагогикалық міндеттерді шешеді, нақты ситуацияларды шешудің тиімділігін талдауды біледі. Бұл педагогикалық шығармашылықтың төменгі деңгейі болып табылады.

2. Бейімділік-болжаушылық: педагог өзіне белгілі ақпараттан студенттердің потенциялық мүмкіндіктері мен өзіндік жеке қасиеттерін ескере отырып, өзара әрекет әдістерін, құралдарын, тәсілдерін іріктеп, өзгертіп пайдалана біледі. Бұл деңгейде пәнаралық байланыс, саралап оқыту, білім, білік дағдыларын меңгерту жұмыстары жүреді. Бұл педагогикалық шығармашылықтың деңгейі.

3. Ұтымдылық: педагогтің құрастырушылық-болжаушылық қабілеті байқалады, яғни жаңашылдық, педагогикалық үрдісті мақсатты, ұйымдастыру, педагогикалық міндеттерді шешудің қалыптан тыс түрлерін қолдану, т.б. Бұл II деңгейі.

4. Зерттеушілік: педагог өзінің ізденісінің тұжырымдамалық негізін анықтай біледі, оларды еркін қисындырады. Оның нәтижесін зерттеу негізінде өзінің жүйесін дайындайды. Бұл деңгейде педагог шығармашылықтың жоғары категориясына жақын. Бұл педагог өзінің тәжірибесін жинақтай біледі. Егер оны әріптестері мойындаса, оның идеясы басқа мұғалімдердің жұмысында тиімді нәтиже беруі мүмкін. Бұл педагогикалық шығармашылықтың «жоғары» деңгейі.

5. Креативтілік. (шығармашылықты елестете білу) – болжаушылық: педагог жоғары міндеттерді ұсыну және оларды шешудің әдістерін негіздеу қабілеттерін көрсетеді. Мұндай қызмет нәтижесінде өмірлік шығармашыл инновациялық тұлға қалыптасады. Бұл деңгейде педагог қызметінде өзара әрекет жасау әдісі орын алады.

Оқыту сапасының негізгі критерийлері оқыту үрдісінің нәтижесі мен оқушылардың білім, білік дағдысының сапасы болып табылады. Ал, бұның барлығы мұғалім кәсіптілігіне тікелей байланысты екендігін шексіз қайталап айта беруге болады. Өйткені сапалы, білімді, шығармашыл оқушы (кіші ғылым академиясы жанында ұйымдастырылатын ғылыми жұмыстар жоба жарыстары жүлдегерлері мен пәндік олимпиада, «Дарын» бағдарламасы бойынша өткізілетін байқау, жарыстарының жеңімпаздары және т.б.) шығармашылықпен жұмыс жүргізетін мұғалім еңбегінің жемісі [4]. Мұғалімнің эмоциялық жағдайы, оның дайындық дәрежесі және көбеюі баламен жұмыс жүргізудегі басты одақтас болатындығын әкімшілік білуі тиіс және мұғалімді соған бағыттауға тілектес бола білуі керек. Сондай-ақ олардың тұлғалық қасиеттерін аша отырып, оқушыларға, студенттерге сапалы білім беру және шығармашылдығын қалыптастыруда жан – жан жақты көмек ұйымдастыру сапалы еңбекке қол жеткізудің бірден-бір жолы болмақ.

Рефлексиялық-бағалаушылық процесінде өзіндік ой-пікір, әрекеттерді, тәжірибе нәтижелерін талдау және оқу процесіндегі келесі кезеңдердің бағдарламасын анықтау үшін жағдай жасалады.

Шығармашылық сабақ – болашақ мамандардың өзіндік танымдық әрекеттеріне мүмкіндігінше жағымды жағдай тудыратын, жаңартылған мектептегі оқу процесін оңтайлы ұйымдастыру тәсілі. Жаңа ұйымдастырушылық нысан – шығармашылық сабақтарын қолдану педагог қызметін оқу процесінде оқушы, студент пен дәстүрлі сабақ талаптары арасында туындайтын қарама-қайшылықтан арылуға мүмкіндік береді. Студенттердің білім алуында шығармашылық әрекетін белсендіруге, олардың интеллектуалдық, рухани-адамгершілік дамуын арттыруға байланысты мәселені шешу дидактикалық тәсілдерді өзгертуді және мұғалім ақпаратына берілетін уақыт бөлігін азайтып, студенттің өзіндік танымдық, шығармашылық іс-әрекет уақытын көбейтуге әкелетін оқу уақытын қайта бөлуге орай қажетті жаңартулар жүргізуді талап етеді.

Өзін-өзі дамытумен қатар индивидтің жан мен тән үйлесіміне сәйкес өз ойын жинақтау қабілетін бейнелейтін рефлексия ұғымы пайда болды. Оқыту жүйесіндегі рефлексия – оқыту субъектісінің өз іс-әрекетін саналы түрде ой елегінен өткізіп, өзіндік сезінуі. Рефлексияның мақсаты – іс-әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін, өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтау т.б. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту,

яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Рефлексияның қай түрі болмасын мақсатпен тікелей байланысты.

Шығармашылық рефлексия – мақсатқа жету нәтижесі, қорытынды ғана емес, жаңа білім мен жаңа мақсаттарға бастама бола алады. Сонымен, шығармашылық рефлексия – жеке тұлғалық құндылық сапаларын қалыптастыруда және өзіндік даму бағытын айқындауда, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған шығармашылық іс-әрекетте ішкі жан дүниесі ресурстары арқылы ой қорытуы. Рефлексиялық танымдық дағдылар субъектілердің өзіндік басқару қабілеттерін дамытуға, өз әрекеттерінің (танымдық, білімдік, қарым-қатынастық) нәтижелі болуына, олардың өз жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Оның мазмұны баланың өз іс-әрекеттерінің субъектісі ретіндегі өз көзқарасын қалыптастыру: өзіндік тұжырым жасай алу, өзін-өзі бағалау, өзіне сенім қалыптастыру арқылы өзіндік таным, өзіндік қажеттіліктерді айқындау, өз мүмкіндіктерін пайдалану әрекеттерінде жүзеге асырылады.

Шығармашылық – жаңаны жасаудағы процесс, креативтілік – адамның ішкі ресурсы, әлеуеті. Креативтілік – адамның шапшаң, нақты ойлау, жоғары қызығушылықтарға негізделген бай қиял және проблеманы жылдам түсіну қабілетімен танылады. Креативтіліктің негізгі шартының бірі – адамның өзін-өзі ұстауы мен өзіне деген сенімділігі. Креативтілік тек қана ойлау операцияларының сапасымен ғана емес, тұлғалық сипатымен, шығармашылық кезеңдеріне қажетті білім, білік, дағдыны меңгеру деңгейімен ерекшеленеді.

Креативтілік – тұлғаның өзін-өзі дамытудағы маңызды фактор. Адамның креативтілік процеске дайындығы оның тәжірибеге деген ашықтығымен анықталады.

Шығармашылық көзі – танымдық қызығушылық, интеллектуалдық қабілет, білім, ойлау стилі, тұлғалық мінездеме, мотивация және қоршаған орта. Креативтілік факторлары – тұлғалық бағытталу, жағдайға талдау жасау, шығармашылық процесс, шығармашылық нәтиже.

Халыққа білім беруді дамытудың қазіргі сатысында мектептерімізге, әсіресе, білім баспалдағы – бастауыш оқу мәдениетін тиімді ұйымдастырудың әдістерін іздестіру жақсы нәтижеге жетуге септігін тигізу болып саналады. Жан-жақты білім алған, парасатты, саналы азаматты тәрбиелеп шығару, олардың жан-дүниесін ұлттық рух пен әлемдік өркениетке сай рухани қазыналармен байыту – бүкіл халық, отбасы, қоғамдық мекемелер болып атқаратын жауапты міндет.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Зерттеу жұмысында көрсетілген мәселелерді теориялық тұрғыда саралай отырып және мектеп практикасындағы қалыптасқан іс-тәжірибелерді зерделей келе, біз «құзіреттілік» ұғымына мынадай анықтама береміз: «құзіреттілік» – жеке тұлғаның жаңа жағдайда өзекті мәселенің шешімін табуға танымдық бағдары негізінде, психологиялық сапаларын дамыта отырып, білімдік-рухани құндылықтарға жетуге ұмтылысымен сипатталатын және шығармашылық қабілетті дамытуға жетелейтін танымдық сапасы»

Оқу процесінде тұлғаның шығармашылық сипаттағы тапсырмаларын жүйелі түрде ұйымдастыру және оны болашақтағы кәсіби бағдарымен сабақтастыра зерттеу болашақ маманның дидактикалық құзіреттілігіне де байланысты. Өз пәнін жетік меңгерген және оның мазмұнын жаңа біліммен үнемі толықтыра отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуі, өз болмысын терең зерделей отырып, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына өзінің қолтаңбасын қалдыруына, рухани тұрғыда терең түсінуі педагогтың ішкі құндылық бағдарына байланысты.

Болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін шығармашыл тұлға ретінде қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады:

1) когнитивтік (танымдық) сапалары – қоршаған әлемді түсінуі, құбылыстардың мәнін білуге ұмтылуы, танымдық ынтасының тұрақтылығы т.б.

2) креативтілік (шығармашылық) сапалары – ойлау белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу, ой тереңдігі, қарама-қайшылықтарды көре білу немесе сезу; өзекті мәселені табу; шығармашылық қызығушылығының тұрақтылығы т.б.;

3) әдіснамалық (ұйымдастырушылық) сапалар – тапсырманың мақсаты мен мәнін түсіну, мақсатқа жетуде іс-әрекетті оңтайлы ұйымдастыру, нәтижеге жетудегі табандылық, рефлексиялық ой-санасы, коммуникативтік қабілеттері т.б.

Сонымен, білім берудегі инновациялық процестерді жүзеге асырып, дамыту – бұл білім беру жүйесінің дамуы, оны жаңарту мен тиімділігін арттырудың шарттары. Сондықтан да қазіргі таңда қарым-қатынаста баланы объект деп қарамай, оны дамушы тұлға ретінде қабылдап, оқу-тәрбие жұмысын осыған лайық өзгерістерге сай, қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындап отыр. Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты – міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, шығармашылық деңгейге жету және дидактикалық құзіреттілікті қалыптастыру.

Білім берудің адамға, тұлғаға бағытталуы, білім мазмұнының жариялылығы заман талабына сай білім беру мен ұлттық оқу-тәрбие процесінің гуманистік сипаты жаңаша оқытудың әдіснамалық негізі ретінде қызмет ете алады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010
2. Зікір Г.Г., Әміржанова Г.Қ. Болашақ мамандардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары мен құрылымдық моделі. /«Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері» II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция баяндамалар жинағы. II том – Астана, 2012. – 167-171 б.
3. Оразаева З.Н. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы – құзыреттілікке бағытталған технология. /«Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері» II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция баяндамалар жинағы. III том. – Астана, 2012. – 368-372 б.
4. Қатаев Н.С. Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында мультимедиялық технологияларды пайдалану біліктілігін қалыптастыру. – Алматы, 2010

ТВОРЧЕСТВО КАК ПРЕДПОСЫЛКИ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ

Р.Г. Кушибаева, Г.К. Джумажанова

В статье рассмотрены вопросы, касающиеся определения сущности педагогического творчества, представлены профессионально-дидактические компетенции в двух аспектах: цель образования для повышения профессиональной подготовки; промежуточный результат, отражающий состояние учителя, осуществляющего свою профессиональную деятельность, а также исследователи развития дидактической компетентности педагога на начальном этапе профессионального становления педагога, говорят, что этот процесс становится относительно самостоятельным, постепенно, полноценно единым профессионально значимым качеством.

В статье автор выражает различие понятий «компетентность», «компетенции» от существующих знаний, умений и навыков. Особое внимание уделено роли дидактических, информационно-коммуникативных технологий в формировании коммуникативной компетентности будущего школьника. На сегодняшний день актуальная проблемно-непрерывное развитие дидактической компетентности будущих учителей школы, на сегодняшний день ставит перед собой ряд задач по непрерывному совершенствованию профессиональной компетентности. Формирование профессиональной компетентности будущего специалиста как творческой личности состоит из многих его качественных качеств.

Ключевые слова: *творческий, профессионально-дидактическая компетентность, профессиональная компетентность, коммуникативная компетенция, компетентность, творческая рефлексия*

CREATIVITY AS A PREREQUISITE FOR THE FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCIES

R. Kushibayeva, G. Jumazhanova

The article deals with the issues related to the definition of the essence of pedagogical creativity, presented professional didactic competence in two aspects: the purpose of education to improve professional training; intermediate result, reflecting the state of the teacher engaged in their professional activities, as well as researchers of the development of didactic competence of the teacher at the initial stage of professional development of the teacher, say that this process becomes relatively independent, gradually, fully unified professionally significant quality.

In the article the author expresses the difference between the concepts of "competence", "competence" from the existing knowledge and skills. Special attention is paid to the role of didactic, information and communication technologies in the formation of communicative competence of the future student. Today actual problem-continuous development of didactic competence of future teachers of school today sets a number of tasks for continuous improvement of professional competence. Formation of professional competence of the future specialist as a creative person consists of many of his quality qualities.

Key words: creative, professional-didactic competence, professional competence, communicative competence, competence, creative reflection

FTAXP: 15.01.07

А.С. Сейілханова, Г.К. Джумажанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ТҰЛҒАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа: Мақалада тұлғаның бірлескен іс-әрекетінің қарым-қатынастағы маңыздылығы қарастырылған, сондай-ақ бірлескен іс-әрекет арасындағы қарым-қатынастың шынайы болуы, оның түрлі адамдармен тұлғааралық қатынасқа түскенде жоғары деңгейде көрінуі маңызды орын алады.

Автор осы мақалада қарым-қатынас дамуының дұрыс жүруі қарым-қатынастың әрбір формасының тиісті жас ерекшелігінде ретті де толыққанды жүзеге асуымен анықталатынын, қарым-қатынас дамуының басты формасы қандай да бір байланыстың басымдығымен емес, ситуацияға және әріптеске байланысты түрлі мазмұндағы қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі мен қабілетінің болуымен анықталатынын айқындап сипаттап берген. Қарым қатынас – біріншіден, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындайтын, құрамына ақпарат алмасу, өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасау, өзге адамды қабылдау және түсінетін, адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуының күрделі, көп мақсатты процесі болса, екіншіден, субъектілердің белгілілік құралдармен жүзеге асырылатын, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындаған және серіктесінің жай-күйін, мінез-құлқы мен тұлғалық-маңыздылық құрылымын едәуір өзгертуге бағытталған өзара әрекеттесуі.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, бірлескен іс-әрекет, тұлғалық, танымдық, эмоциялық, іс-әрекеттік, коммуникативтік қарым-қатынас, тұрақсыз-эмоциялық қарым-қатынас

Қарым-қатынас – басқаның жан дүниесіне, «мен» ұғымына ену. Әрине бұл оңай емес, өйткені өзіне ұқсамайтын басқаның жан дүниесіне ену үшін психологиялық дайындық қажет. Сондықтан қарым-қатынасты ұйымдастыруда субъектінің психологиялық жағдайын ескеру өте маңызды болып табылады. Өйткені субъектілердің кез келген қарым-қатынасы психологиялық кеңістікте өзгеріс туғызады.

Сырттай қарағанда қарым-қатынас деңгейіне ешкім көңіл аударма қоймағандай болып көрінуі мүмкін. Сөйтсе де, екінші адамның өзіне деген қарым-қатынасын бірден сезесің және қабылдайсың, ал егер оны тануда қателессең, қарым-қатынас күрделене түседі немесе оның бұзылуына әкеп соғады. Қарым-қатынаста арақашықтықты сезу қиын емес. Бұл үшін

сөйлесіп отырған адамдарды бақылап отырып, олардың бір-біріне деген көзқарасын аңғаруға болады. Арақашықтық – өзгермелі құбылыс, ол оқушылар жасының өзгеруіне қарай жылжымалы болады.

Г.С. Абрамованың жасаған зерттеулерінің негізіне коммуникативті құрылым нұсқауларының үш негізгі құрылымы туралы түсініктер енгізілген: 1) адам өз серіктестерімен өзара қарым-қатынас құрайтын, ондағы өзіндік ұстанымдар, 2) адам терең өзара қарым-қатынас орната алатын, басқа адамдардың қалайтын ұстанымдар және 3) адам қарым-қатынаста бағдарланатын, өзара қарым-қатынастар деңгейінің тереңдігі. Коммуникативті нұсқаудың үш компонентінің әрқайсысын ескере отырып қарастырылуы мүмкін: а) шынайы күй: шын мәнінде бүгінгі күні олар қандай және ә) қалау күйі: өзі үшін болашақта, үлгі ретінде қалай көруді қалайды.

Мәселені аталған тұрғыда қарастыру қарым-қатынасты әр сатысында белгілі бір формаларға ие өзіндік даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берді. Баланың ересекпен қарым-қатынасының генетикалық реттіліктегі төрт формасы анықталды. Олардың әрбірі коммуникативтік қажеттіліктің өзіндік мазмұнына, қарым-қатынастың жетекші мотивтері мен құралдарына ие:

I – ситуативтік-тұлғалық (сәбилік шақ);

II – ситуативтік-іскерлік (ерте балалық шақ);

III – ситуативтіктен тыс - танымдық (ерте және орта мектепке дейінгі жас);

IV – ситуативтіктен тыс - тұлғалық (орта және жоғары мектепке дейінгі жас).

Әрбір форманың атауын таңдауда оның екі басты ерекшелігі анықталды. Оның бірі сол жағдаймен байланысы болса, екіншісі қарым-қатынастағы басым мотив. Ситуативтік сипат қарым-қатынас бала мен ересек арасындағы бір мезеттік өзара ықпалға тәуелді екендігінен көрінеді. Қарым-қатынастың ертеден белгілі екі генетикалық формасы – бірінші және екіншісі – ситуативтік. Осы даму кезеңдеріндегі балалар қарым-қатынасқа түсушілердің дәл осы тұста көрінген іс-әрекеттері арқылы байқалған қасиеттерін (өзінің және өзгенің) ғана сипаттай алады. Ал қарым-қатынастың кейінірек анықталған формалары – үшінші және төртіншісі – ситуативтіктен тыс, екі тектілігімен сипатталады. Біріншіден, ересекпен қарым-қатынасқа түсуге негіз болған материал - физикалық объектілер мен құбылыстардың сезім арқылы тану мүмкін емес қасиеттері, бұл адамдардың сол ситуацияға тікелей қатысы жоқ адамгершілік, интеллектуалдық және өзге де қарым-қатынастары ситуативтіктен тыс сипатқа ие. Екіншіден, өз-өзінің және әріптесінің тұлғасына енуі - бала санасына қарым-қатынастан кейін ғана жететін ситуативтіктен тыс компоненттер. Сонымен, ситуативтілік белгілі қарым-қатынастың даму деңгейін анықтауда барынша маңызды мәнге ие.

Т. Ньюком Хайдер теориясында егер екі адам бір-бірін жағымды қабылдап, үшіншіге (тұлға немесе объект) қатынас құрса, оларда үшіншіге қатысты ұқсас бағытты дамыту тепе-теңдігі пайда болады. Ньюкомның болжамынша, тұлғааралық коммуникацияның дамуы нәтижесінде ұқсас бағыт одан ары ұлғая түседі. Сондықтан жұпта немесе топта белгілі бір объектіге қатысты ойдың әр түрлі болып келуі байқалады.

Ньюкомның өзінің алдына қойған басты мәселесі топты берік ұстайтын, «бірлікке итермелейтін қысымның» пайда болуын түсіндіру еді.

Коммуникативтік қарым-қатынас дамуының үшінші кезеңінде қарым-қатынастың танымдық мотивтері жетекше маңызға ие, ал қарым-қатынастың оған тиісті формасы ситуативтіктен тыс-танымдық деп аталады. Ерте сәбилік кезеңде пайда болған заттар мен құбылыстардың физикалық әлеміне деген қызығушылық ерте мектепке дейінгі жастағы балалар бойында күшейе түседі; ол тек заттардың сезімдік қасиеттерімен ғана шектелмейді, одан да тереңірек әсерлерге бөлеп, олардың өзара байланысына үңілтеді. Объектіні манипуляциялау мұндай қызығушылықты қанағаттандырмайды, бала тек қимылдап қоймай, оларды теңестіріп, салыстырып, ойланады. Мұның бәрін түсініп, меңгеріп алу үшін балаға әлдеқайда білікті жәрдемші қажет болады. Ересек баланың көз алдында жаңа қырынан танылады, ол бәрін білетін адам болып, қажет ақпаратты берушіге айналады, ал күрделі құбылысты талқылауда кеңесші, бала үшін қиындық тудырған мәселенің шешімін іздеуде төрешіге айналады. Танымдық іс-әрекет арнасы мектепке дейінгі балалар бойында ересек адаммен қарым-қатынас қажеттілігін тудырады.

Ересекпен қарым-қатынас формаларының жіктемесі, қарым-қатынастың дамуы іс-әрекеттің өзге түрлерінің өзгерісімен байланыста болатын және белгілі бір деңгейде сол өзгерістердің шарты болып табылатын психиканың өзге бөліктерінің дамуымен тұтастықта

қарастырылады. Қарым-қатынастың әрбір жаңа формасы өзіне дейінгілерге сәйкес құрылады және белгілі бір деңгейде оларға ықпал етеді, алайда ешуақытта оларды жоймайтынын ескерту керек. Бала есейген сайын барлық коммуникативтік құралдарды тиімді пайдалана, қарым-қатынас формасын іс-әрекет шартына икемдей түседі.

Қарым-қатынас дамуының дұрыс жүруі қарым-қатынастың әрбір формасының тиісті жас ерекшелігінде ретті де толыққанды жүзеге асуымен анықталады. Қарым-қатынас дамуының басты формасы қандай да бір байланыстың басымдығымен емес, ситуацияға және әріптеске байланысты түрлі мазмұндағы қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі мен қабілетінің болуымен анықталады.

Қарым қатынас – біріншіден, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындайтын, құрамына ақпарат алмасу, өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасау, өзге адамды қабылдау және түсінетін, адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуының күрделі, көп мақсатты процесі болса, екіншіден, субъектілердің белгілілік құралдармен жүзеге асырылатын, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындаған және серіктесінің жай-күйін, мінез-құлқы мен тұлғалық-маңыздылық құрылымын едәуір өзгертуге бағытталған өзара әрекеттесуі.

Л.С. Рубинштейн психологияны оқыту мәселесін жете зерттеген. Ол: «Баланың психикалық дамуы білім беру мен тәрбиелеу жағдайында пайда болуы» психикалық құбылыстарды танудың әдіснамалық талабымен әрі педагогикалық тәжірибедегі қажеттілік ретінде анықталуы тиіс» – деген тұжырым жасаған [1].

Баланың өзге адамдармен қарым-қатынасын зерттеу психологиялық институттың мектеп жасына дейінгі жастағы балалар психологиясы зертханасында жасалды. Бұл зертхана – аталған институттың ертеден келе жатқан бөлімдерінің бірі. Оның құрылуы А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, А.В. Запорожец есімдерімен байланысты. 1970 жылдан бері зертхана балалар психологиясында жаңа бағыттың негізін қалаушы М.И. Лисина тұжырымдамасына негізделіп жұмыс істеуде. Бұл тұжырымдама-психологиядағы мәдени-тарихи бағыттың бір саласы.

М.И. Лисина баланың ересектермен қарым-қатынасының мынадай көрсеткіштерін ұсынған: 1) ересекке деген қызығушылық пен назардың болуы; 2) ересек тарапынан жасалған ықпалды эмоционалдық бояумен көрсету; 3) баланың ересекке бағытталған мүдделілік (инициатива) актілері; 4) балалардың ересек тарапынан білдірілген қарым-қатынасқа деген сезімдік жауабы. Аталған көрсеткіштердің жиынтығы бала бойында өзінің және өзге адамның образын жасауға, басқаша айтқанда, қарым-қатынасқа деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекеттің бар екендігін көрсетеді.

Бұл идея Л.С. Выготскийді интериоризация мәселесіне әкелді. Бір жағынан, ол адамның психикасындағы әлеуметтік-мәдени детерминациясын ашудың жолы еді. Л.С. Выготскийдің ойынша барлық адамдар ойлап тапқан «құралдар» мәдениеттің элементтері болып табылады, осыдан келіп психиканың әлеуметтік-мәдени детерминациясын нақты ғылыми түрде талдау нәтижелерін ашуға мүмкіндік туды. Алдымен «психологиялық құралдар» ішкі серіктеске айналады. Осыдан соң «өзіне» қайтадан келеді, яғни өзіндік психикалық процестердің бағыттаушысы бола алады бұдан соң «ішке процеске қайта оралады». Психикалық функция енді іштей жұмысқа кіріседі. Осы процессті Л.С. Выготский толыққанды психикалық функцияның онтогенездегі тарихи-мәдени дамуы деп көрсетеді. Бұл интериоризация процесін ашудың кілті [2].

Белгілі кеңес психологы Л.С. Выготский дамудың әлеуметтік ситуациясы кездейсоқ құрылмайды, бала мен оны қоршағандардың арасындағы жанды бірлескен іс-әрекет процесінде жүріп, оның психикалық дамуы әлеуметтік жағдаймен анықталатынын айтып берген. Ал бұл тұжырымды А.Н. Леонтьев орның қоғаммен қарым-қатынас жүйесінде толығымен анықталатын ескертіп, жас ерекшелік кезеңнің әртүрлі сатысында психикалық дамуды зерттеуде бұл түсінік өте өнімді болып табылатынын сипаттайды.

Мұнда ерте жаста заттық іс-әрекеттің қалыптасуына бағытталған Д.Б. Эльконин бақылаулары баланың ересектермен қарым-қатынасында анықталатынын көрсетті. Ол эксперименттік зерттеулер нәтижесінде бірлескен іс-әрекеттің түрлі формаларын анықтап, теориялық ойлау және рефлексия дамуында үлкен мәнге ие болатындығын дәлелдеді [3].

Сонымен, іс-әрекет құрылымдық компоненттердің (пән, қажеттілік, мотив, құралдар, өнімдер) тұтас желісі қарым-қатынастың барысын құрайды және нақты коммуникативтік мазмұнға ие. Нәтижесінде коммуникативтік іс-әрекеттің тиісті құрылымдық компоненттері

анықталады. Сонымен, коммуникативтік қарым-қатынас қажеттілігінің спецификасы – адамның өзгені тануы, бағалауында, ал олардың көмегімен өзін-өзі тануы мен бағалауы.

М.И. Лисина қарым-қатынастың мотивтері сол адамның және онымен байланысқа түсіп жатқан өзге адамның қатынас қажеттілігін тудырған қасиеттері негізінде заттануы тиіс деп тұжырымдайды. Ол қасиеттерді мынадай үш топқа жіктеуге болады:

1) ересек дерек көзі мен баланы жаңа әсерлерге бөлеуші ретінде танылатын *танымдық*;

2) өзара практикалық байланыста ересек адам әріптес, көмекші және дұрыс әрекеттердің үлгісі ретінде танылатын *іскерлік*;

3) ересек адам ерекше тұлға, қоғам мүшесі, қоғамның белгілі бір өкілі ретінде қарым-қатынасқа *тұлға* ретінде түседі.

Мұның әрбірінде адам белгілі бір қасиеттердің иесі, нақты бір қызметтерді атқарады және нақты коммуникативтік қажеттілікте – әріптестікте, жаңа әсерлерге бөленуде, мойындау мен сыйластықта, өзара түсіністікте қанағаттандырады. Коммуникативтік қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін операциялар ретінде қарым-қатынастың тиісті құралдары – экспрессивті, локомоторлық, табиғи, тілдік [4].

Н.П. Ерастовтың «Қарым-қатынас психологиясы» деген еңбегінде, қарым-қатынас стилі – бұл сол қарым-қатынас процесін жүргізудің қайталанатын, тұрақты тәсілдерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Бір адамның қарым-қатынасын басқа тұлғамен бірлескен іс-әрекетін ажырататын түрлі коммуникативті ұстанымдар, білім және дағдыны әрбір қатынасушылар тұрақты бірлікті құрайды. Қанша түрлі адам болса, соншалықты қарым-қатынастың индивидуалды стильдері бар. Стильдерді қарым-қатынастағы байланыс түрлері бойынша ажырату ыңғайлы (стильдің тұлғалық, танымдық, эмоциялық, іс-әрекеттік сипаттамалары).

Стильдің **тұлғалық** сипаттамасы оның сөйлеушінің тұлғасына әлеуметтік-психологиялық немесе индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерінің бағасына (немесе көрінуі) басымдылықты бейнелейді.

Қарым-қатынас стилінің **танымдық** ерекшелігі ақпараттың көп жинақталуы, жетістіктері, мазмұнның байланыстылығы, қарым-қатынас құралдарын қолданудың адекваттылығы тұрғысынан бағалауды сипаттайды.

Қарым-қатынас стилінің **эмоциялық жағы** оның көңіл-күйінің жоғарылығы, бірлескен іс-әрекеттегі мәнері мен ұстанымдары және т.б. бағалауын бейнелейді.

Қарым-қатынас стилінің **іс-әрекеттік** сипаттамасы әңгімелесушінің санасы мен ерігіне оның практикалық бағыттылығы және тәсілдері бойынша әсер ету бағасын көрсетеді [4].

Кішкентай кезінен бастап балалар таныс және жат адамдарға таңдаулы қарым-қатынаста болады: балалар бір адамдарды қуанышты, жақсы қарсы алса, кейбіреулерінен қорқып, жасқанады, ал енді біреулерден ұялады. Балалардың таңдаулы қарым-қатынасы бөтен адаммен жолыққанда және жақын адамдармен бірлескен іс-әрекет жасағанда көрінеді.

Жалпы кішкене балалардың үлкен адамға деген «ерекше жақындығының» қалыптасуының практикалық және теориялық жағы бар. Оның практикалық мәні – баланың үлкенге сенім артуы, бала тәрбиесін жеңілдетеді және баланың дамуына көмектесуімен анықталады.

Баланың әлеуметтік қажеттіліктерінің даму деңгейі қарым-қатынас мазмұнына сәйкес келсе, балада үлкендерге деген жақсы көзқарас қалыптасады, ал егер үйлеспейтін, яғни сәйкес келмейтін болса, баланың үлкендерге жақындығы төмендеп, эмоциялық тоны өзгереді.

С.В. Корницкаяның зерттеулері алғашқы жеті жылдың ішінде (адам өмірінің) аз дегенде қарым-қатынас формасының сапасы үш рет өзгертіндігін көрсетеді.

Балада айналасындағы адамдармен қарым-қатынастың генетикалық және алғашқысы *тұрақсыз-эмоциялық* қарым-қатынас болып табылады.

Оның мынадай белгілері бар: баланың айналасындағылармен эмоциялық қатынастың тікелей формасына ұмтылуы (үлкен кісі баланы аймалағанда баланың оған қимыл-қозғалыспен жауап беруі), қарым-қатынастың негізгі түрі етіп ым-ишараның жестпен қолданылуы. Осындай қарым-қатынас арқылы сәби үлкендердің назарын, мейірімін қабылдай отырып, өз қажеттілігін қанағаттандырады.

Қоғамдық кәсіппен жасөспірімдердің айналысуы қарым-қатынаста құрдастарымен және үлкендермен бірлескен іс-әрекет жасауға жол ашады. Г.В. Казнова зерттеуінің негізгі

болжамы – жасөспірімнің әр түрлі қарым-қатынас өлшемдерін қабылдауы пайдалы кәсіппен айналысуына тәуелді. Соған байланысты:

1. Жасөспірімдердің психологиялық нақты ерекшеліктерін керек ететін қарым-қатынасын зерттеу.

2. Әр түрлі қарым-қатынас формасына баулитын жасөспірімнің психологиялық жағдайын зерттеу.

Сонымен, қарым-қатынасқа іс-әрекет тұрғысынан қарау қарым-қатынастың түрлі формалары мен құрылымдық компоненттерін жүйелеуге мүмкіндік берді. Қарым-қатынас формалары әлі күнге дейін әрбір жас ерекшелігіндегі қарым-қатынастың нақты, тұтас, мазмұндық сипаттамасын жасауға мүмкіндік беретін бір ғана практикалық тәсіл екендігін ескерген жөн. Сол себепті мектепке дейінгі жас ерекшелігі тәжірибесінде айтарлықтай маңызға ие.

Әрекет құрылымына келесі элементтер кіреді: іс-әрекет заты, мақсаты, мотиві, осы іс-әрекетті жүзеге асырушы операциялар; берілген іс-әрекетті орындау үшін субъектіге қажетті ақпараттар мазмұнынан тұратын іс-әрекеттің бағдарлы негізі.

Соңғы кездерде психологиялық зерттеулерде қарым-қатынасқа түсушілердің аралығындағы қашықтықтың, серіктестің коммуникативтік мәніне көңіл аударуда. Америкалық қарым-қатынас психологиясында бұл бағыттағы зерттеулерге проксемика деген ат қойылды. Проксемика бойынша қарым-қатынасты төрт түрге бөлуге болады, олар: көңіл-күйлік, жеке бастық, әлеуметтік, көпшілік. Алғашқы екі ара-қатынас жақын достық байланысты аңғартады, ресми қатынастағы адамдар әлеуметтік тұрғыны ұстанады, ал көпшілік ара қатынас бөтен адамдармен араласу болып табылады. Әрбір адамның өзіне ғана тән қалыптасқан қарым-қатынас стилі болады.

Ал қарым-қатынас стилі дегеніміз не? Ол қалай қалыптасады?

Тұлғаның өмірлік жолын түсіндіру үшін Адлер стиль ұғымын қолданады, мұнда стиль – ол жүйе мінездемесі және мақсатқа жету, адам өзінің алдына қойып өзінің толықтығын қорғайды. Бірақ адам өзінің өмірлік стилін жасамайды, ол тұлға қасиеттері және әлеуметтік шарттар салдарынан туындайды.

Осы тақырыптағы ең алғашқы тәжірибелік зерттеулерді 1938 жылы неміс психологы Курт Левин жүргізген. Ал қазіргі кезде педагогикалық қарым-қатынас стилінің көптеген түрі анықталған, солардың негізгілеріне тоқталып өтейік.

Авторитарлық стиль – қатаң басқару тенденциясы және бақылау формасымен сипатталады. Мұнда басқа әріптестеріне қарағанда, бұйрық беру жолын көп қолданады. Мұндай стилді педагог жұмыс мақсатын тек өзі анықтап қана қоймай, сонымен қатар тапсырманың орындалу жолдарын, кім кіммен және қай топта жұмыс жасау керектігін нақты анықтап береді. Аталмыш стиль ынталану әрекетін бәсеңсітеді, себебі оқушы орындап отырған жұмысының мақсатын, жұмыс кезеңдерінің функцияларын және алда не күтіп тұрғанын ұғына алмайды. Бұл стиль жалпы алғанда тиімсіз болып табылады. Педагог ұжымы және оқушылар айтқанды жасауға үйреніп; белсенділік, инициатива көрсетуге дағдыланбайды, көбіне жалтақ болып, жағымпаздық жолға түседі. Оқушының позитивті мүмкіндіктеріне мұғалімнің сенімсіздік танытуы жұмысқа деген қызығушылығын күрт төмендетеді. Оқушы тарапынан көрсетілген әрбір ынталану процесін авторитарлы педагог «өз бетімен кету» деп қабылдайды. Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, мұндай мінез-құлқы өз беделін жоғалтып аламын деген қорқыныштан туындайды.

Немқұрайлылық стилі – оқу-тәрбие процесінде болып жатқан құбылыстардан, жауапкершіліктерден өз басын алып қашу. Зерттеу нәтижелері бұл стиль барысында жұмыс ауқымының төмен орындалуы мен сапасының болмауын көрсетеді. Бұл жағдайда педагог оқушының әрекетіне араласпауға тырысады, тапсырмаларды тек формалды тұрғыда бере отырып, басқару жауапкершілігінен бас тартады. Мұғалімнің сөзі бір жақта, ісі екінші жақта, қойған талаптары тұрлаусыз болып, ұжым мүшелері мен оқушыларды ашу мен ызаға толтырады.

Демократиялық стильде ең бірінші орында фактілер бағаланады. Бұл стильдің ерекшелігі жұмыс және оны ұйымдастыру барысында топтық талдауға немесе тағы басқа да тапсырмаларға белсенді қатыса алады. Нәтижесінде субъектілердің өздеріне деген, өзін-өзі басқаруға деген сенімділіктері артады. Егер авторитарлық стильде топ мүшелері арасында бір-біріне деген қарама-қарсы қатынастар болса, демократиялық стиль, керісінше ұжым мүшелерін жақындатып, өзара түсініспеншілікке шақырады. Педагог жұмыс барысында

ұжымға арқа сүйеп, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау қабілеттерін ынталандырады, оқушы тарапынан айтылған сын-пікірлерді дұрыс қабылдап, шыдамдылық танытады. Демократиялық стильдегі педагогикалық қарым-қатынас пайдалы келеді. Оқушылар өз бетімен инициатива, белсенділік көрсетіп, мұғалімнен үрікпей, жасқанбай, еркін ұстап, онымен бірігіп жұмыс жасауға әдеттенеді.

Бірлескен шығармашылық әрекетке қызығушылық негізіндегі қарым-қатынас стилі. Аталмыш стиль педагогтың жоғары кәсіби шеберлігі және оның этикалық ұстанымдарының бірлігі негізінде жүзеге асады. Бірлескен шығармашылық әрекетке қызығушылық тек мұғалімнің коммуникативтік әрекетінің нәтижесін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар оның тұтас педагогикалық әрекетке деген қатынасының деңгейін байқауға болады. Бұл стильдің артықшылығын М.О. Кнебель, В.А. Сухомлинский, В.Ф. Шаталов, Ш. Амонашвили және т.б. педагогтар атап көрсетеді. Бұл стиль – бірлескен оқу-тәрбие әрекетінің алғышарты.

Қашықтықтағы қарым-қатынас стилі. Бұл стильді қолданатындар әрі тәжірибелі, әрі жаңадан жұмысқа орналасқан мұғалімдердің ішінен де кездесе береді. Бұл стильдің басқалардан ерекшелігі – субъектілер арасындағы қарым-қатынас қашықтығы. Бірақ мұнда да өлшем қажет. Қашықтықты аса алыс ұстау субъектілердің өзара тұтас әлеуметтік-психологиялық жүйесін формалды жағдайға ұшыратады, шынайы шығармашылық ахуалдың туындауына септігін тигізбейді. Білім беру жүйесі субъектілері арасында қашықтық болуы тиіс, ол қажетті болып табылады. Ол өзара қатынастар негізі ретінде бұйыру емес, бір субъектінің екінші субъектіге жалпы қатынас логикасынан туындауы қажет. Қашықтық педагогтың басқы рөлінің көрсеткіші ретінде оның беделі арқылы қалыптасады.

Қорқыту стилі – бұл қашықтықтан қарым-қатынасқа түсу стилінің ең тығырыққа тірелген формасы. Стильді көбіне жас мамандар бірлескен шығармашылық әрекетке екінші субъекті тарапынан нәтиже, тіпті қызығушылық тудыра алмаған жағдайда қолданады. Шығармашылық қатынаста бұл қарым-қатынас стилі мүлде өміршең емес. Себебі, педагог жағымды коммуникативтік ахуал жасаудың орнына, керісінше оларды тыйып тастап, педагогикалық қарым-қатынасты достық сипаттан айырып отыруға бейім болады.

Ойнақы қалжыңға бағытталған қарым-қатынас стилі – педагогикалық қарым-қатынасты нәтижелі ұйымдастыра алмайтын тәжірибесіз педагогтарға тән. Педагогикалық әдеп ережелеріне қарама-қайшы келетін стиль. Мұндай стильді педагогтар балалардың арасында арзан, жалған беделге ие. Көбіне тәжірибесіз жас мамандар сынып ұжымына тез ұнау үшін және балалармен жедел түйісу нүктесін орнату мақсатында, ал, екінші жағынан, педагогикалық қарым-қатынас этикасының жетіспеуінен пайдаланады. Бұл стиль тәрбиеші мен тәрбие үдерісіне үлкен зиянын тигізеді. Пайда болу себептері:

а) өз алдында тұрған жауапты педагогикалық мәселелерді дұрыс түсінбеу;

ә) қарым-қатынас біліктілігінің жетіспеуі;

б) сынып ұжымымен қатынастан қорқу және оқушылармен тез тіл табысу үшін [5].

Қандай да бір қызметте іс-әрекеттің жеке стилі – кәсіби еңбектің жеке даралану процесінің негізгі сипаты. Кәсіби маманның өз стилінің болуы, бір жағынан, оның кәсіби әрекеттің объективті нақтыланған құрылымына бейімділігін көрсетсе, екінші жағынан, өз жекедаралығының толық ашылу мүмкіндігін сипаттайды.

Педагогикалық әрекет – күрделі әрі көпжақты. Оның көптеген компоненттерінің ішінен үш негізгісін бөліп көрсетуге болады: мағынасы, әдістемесі және әлеуметтік-психологиялық компоненттері. Осы үш компоненттің біртұтастығы мен өзара байланысы педагогикалық жүйенің міндеттерінің толық жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бұл бірліктегі негізгі компонент – әлеуметтік-психологиялық, яғни педагогикалық қарым-қатынас, соның негізінде қалған екеуі жүзеге асады. Негізгі тәрбиелік өзара қатынастардың жүйесі қарым-қатынас процесінде қалыптасады, тәрбие және оқыту процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Қарым-қатынас педагогикалық әрекеттің негізгі әсер етуші құралы болып саналады.

Қазіргі таңда қарым-қатынасты жақсартуда көптеген әдістер қатынас белсенділігінің бағытын арттыратын жаттығулар бар. Олардың ішінде трансактілі талдау әдісі кеңінен тараған.

Трансактілі талдау АҚШ-та 1955 ж. Эрик Берннің тұжырымдамасында көрініс тапты. Ол адамдарға психологиялық көмек көрсету, қарым-қатынас қажеттілігінен туды. Оның астарында философиялық ой жатыр, яғни адам «жинақы» болуы үшін өз өмірін және жауапкершілігін қолымен ұстай білуі керек дейді. Трансакция – өзге тұлғаға бағытталған әрекет. Бұл талдау – қарым-қатынастың бірлігі.

Берн адамдардың мінез-құлқын бақылай келе, адам көз алдында бірден өзгеруі мүмкін дейді. Ол үшін бір мезетте бет әлпет, сөйлеу мәнері, жест және поза, т.б. өзгереді. Не бұл адам өзін үлкен сияқты ұстайды, не бала сияқты жылайды немесе күледі, не ата-анасының мінез-құлқын айнытпай салады. Мұндай жағдайларды талдау барысында Э. Берн тұлға қалыптасуындағы қиындықтардың үш «бөлімін» құрастыру құрылымына адамдар арасындағы қарым-қатынасты сипаттайды.

Трансактілі талдау негізінен төрт бөліктен тұрады:

1. Мінез-құлықтың құрылымдық талдауы. Ол бойынша әр адам

– бір кезде нәресте болған;

– ата-анасы болады немесе олардың орнын басатын үлкендер болады;

– егер оның денсаулығы болса, ортасын бағалай біледі [5].

Бұл жағдайда тұлғаның үш құрастырушыдан тұратын «Мен» түсінігі жасалды.

Бұл оның белгілі бір анықталған стильде және серіктестерінің типімен қарап қарым-қатынасқа түсуін дайындайды. Жеке тұлғаның қалыптасқан қарым-қатынасына толық диагностика жүргізудің өте қажеттігі қазіргі кезеңде психологиялық кеңес беру тәжірибелерінде мойындалған. Өйткені адамдардың психологқа келіп қаралу себептері көбінесе оның қарым-қатынасқа түсуі өзгерген, бұзылған содан келіп қиындықтар шығады. Э. Берн еңбектері мен оның ізбасарларының еңбектерінде эгожағдайдың үш түрін көрсетеді. Бала (Б), Ата-ана (А), Ересек (Е) – олар жеке тұлғаның толық дамуының сатылы түрде өтуі, оның әрбірінде өзіндік мотив бар.

Сонымен, жеткіншектердің интимді-жеке және стихиялық-топтық сипаттағы қарым-қатынасы, олардың қоғамдық пайдалы әрекеті жеткілікті түрде ұйымдастырылмаған жағдайда басым болады. Керісінше, жеткіншектік жастағы бағытталған әлеуметтік бейімдеуін және тұлғалық формадағы қарым-қатынасының мәнді өсуін көздейді. Бұл тағы да онтогенетикалық дамудың осы кезеңінде қоғамдық пайдалы іс-әрекеттің жетекші рөлін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, бірлескен іс-әрекет арасындағы қарым-қатынастың шынайы болуы, оның түрлі адамдармен тұлғааралық қатынасқа түскенде жоғары деңгейде көрінуі маңызды орынға ие болады.

Әдебиеттер

1. Кукушин В.С. Введение в педагогическую деятельность: Учебное пособие. Серия «Педагогическое образование. – Ростов н/Д: «МарТ», 2002. – 224 с.
2. Казнова Г.В. Взаимосвязь общественно полезной деятельности и общения подростков // Вопросы психологии, 1983. – № 3. – С. 40-45
3. Карандашев Ю.Н. У истоков общения. Критика и библиография // Вопросы психологии. – 1991. № 6. – С. 42-43
4. Лабунская В.А. Психологический портрет субъекта затрудненного общения. // Психологический журнал, 2003. – том 24. – С. 15
5. Люблинская А.А. Система отношений основа нравственной воспитанности личности // Вопросы психологии, 1983. – №2. – С. 74-78

ВАЖНОСТЬ СОВМЕСТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЛИЧНОСТИ В ОБЩЕНИИ

А.С. Сейілханова, Г.К. Джумажанова

В статье анализируется характерное содержание следующих понятий: общение, коммуникация. Значительное внимание уделяется процессу общения, как главному условию для социально-личностного развития, а также развития коммуникативной деятельности. Авторами рассматривается важность совместной деятельности личности в общении.

Автор в данной статье описал, что правильное развитие отношений определяется последовательным и полноценным осуществлением каждой формы общения в соответствующей возрастной категории, а главная форма развития общения определяется не приоритетом каких-либо связей, а способностью и способностью к общению различного содержания в зависимости от ситуации и партнера. Отношения – это, во-первых, сложный, многоцелевой процесс установления и развития связи между людьми, который заключается в необходимости взаимодействия, обмена информацией в составе, выработки единой стратегии взаимодействия,

принятия и понимания другого человека, во-вторых, взаимодействие субъектов, осуществляемое средствами признательности, вызванное необходимостью взаимодействия и направленное на значительное изменение состояния, поведения и структуры личностно-значимого партнера.

Ключевые слова: общение, совместное действие, личностные, познавательные, эмоциональные, деятельность, коммуникативные общения, непостоянные-эмоциональные отношения

THE IMPORTANCE OF JOINT ACTIVITIES OF THE INDIVIDUAL IN COMMUNICATION

A. Seihanova, G. Jumazhanova

The article analyzes the characteristic content of the following concepts: communication, communication. Considerable attention is paid to the process of communication as the main condition for social and personal development, as well as the development of communication activities. The authors consider the importance of joint activity of the individual in communication.

The author of this article describes that the correct development of relations is determined by the consistent and full implementation of each form of communication in the appropriate age category, and the main form of communication is determined not by the priority of any relationship, and the ability and ability to communicate different content depending on the situation and partner. Relations-is, first, a complex, multi-purpose process of establishing and developing communication between people, which is the need for interaction, exchange of information in the composition, the development of a unified strategy of interaction, acceptance and understanding of another person, and secondly, the interaction of subjects, carried out by means of appreciation, caused by the need for interaction and aimed at a significant change in the state, behavior and structure of a personally significant partner.

Key words: communication, joint action, personal, cognitive, emotional, activity, communicative communication, fickle-emotional relations

FTAXP: 15.31.31

К.С. Адильжанова

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

СТУДЕНТТЕРДЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада студенттерде эмоционалды интеллектіні дамытудың маңыздылығы қарастырылады. Эмоционалды интеллект – адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне бейімделу икемділігі. «Эмоциялық интеллект» - өзінің және өзгелердің эмоциясын тани білу, оларды басқара алу; эмоцияны басқару мүмкіншілігі – адамдардың тұлғааралық өзара әрекеттесуіне анағұрлым тиімді бейімделуге көмектеседі.

Түйін сөздер: эмоционалды интеллект, депрессия, эмпатия, эмоциялық күйлер

Қазіргі өзгермелі, бәсекелестікке бағдарланған қоғам жас ұрпаққа жоғары талап қояды. Осындай жаңашыл үрдістерге толы қоғамда білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – шығармашылық тұрғыда ойлай білетін, алғыр, өзгермелі жағдайларға бейімделуге, өзіндік білім алуға, өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлға қалыптастыру. Аталған міндеттерді жүзеге асыруда педагог-психолог мамандар студенттердің эмоциялық сферасын және қарым-қатынас сапасына тікелей ықпал ететін эмоциялық интеллектіні дамытуға психологиялық сүйемелдеу көрсетуі қажет.

Кәсіби іс-әрекет саласын зерттеуші ғалымдар пікірінше белгілі бір мамандықта табыстарға қол жеткізу білім деңгейіне ғана емес, логикалық интеллектіні, әсіресе эмоциялық интеллектіні дамытудың да маңызы зор. Ғалымдардың анықтауынша, әлеуметтік және жеке тұлғалық сферада табысқа жетудің 80 %-ға жуығын эмоциялық интеллектінің даму деңгейі, тек 20%-ын IQ – интеллект коэффициенті ғана анықтайды екен. Эмоциялық интеллектінің төмен деңгейде дамуы адамның өз эмоцияларын сезіну және түсінуде қиындықтар

тудыратындығын, сонымен қатар өзгелер сезімдерін түсінбеу қарым-қатынасқа да жағымсыз ықпал ететіндігін көрсетті.

Эмоционалды интеллект – адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне бейімделу икемділігі.

1990 жылы Питер Салоуей «эмоциялық интеллект» ұғымын алғаш анықтап, «Эмоциялық интеллект» атты мақаласын жарыққа шығарды. Питер Салоуей және оның авторласы Джон Майер эмоциялық интеллектіні «эмоцияда көрінетін тұлға көріністерін қабылдау және түсіну, интеллектуалды үрдістер негізінде эмоцияны басқару» ретінде анықтайды. Аталған ғалымдардың анықтауынша, эмоциялық интеллект төрт бөлімнен тұрады:

- 1) өзінің және басқа адамның эмоциясын қабылдау немесе сезіну қабілеті;
- 2) өз эмоциясын ақыл-ойға бағыттау;
- 3) эмоция көріністерін түсіну қабілеті;
- 4) эмоцияны басқара білу.

«Эмоциялық интеллект» ұғымына әртүрлі көзқарастар қалыптасқан.

Шетелдік психологияда П. Салоуей, Дж.Мэйер және Д. Карузо бойынша: «эмоционалды интеллект – әлеуметтік интеллектінің компоненті, өз сезімдері мен өзге адамдар сезімін қадағалау, оларды ажырата білу және ол ақпаратты өзінің ой, әрекеттерін басқару үшін қолдану қабілеті, эмоциялық интеллектінің дамуы тұлғаның үйлесімді, тұлғалық дамуына игі ықпалын тигізеді [1]. Нақтырақ айтқанда, эмоционалды интеллект – эмоционалды ақпаратты өңдеу, түсіндіру (интерпретациялау) және қолданумен байланысты интеллект түрі».

– Д. Гоулман (ЭИ мәселесін анағұрлым терең зерттеген ғалымдардың бірі): «эмоционалды интеллект – тұлғаға өзін-өзі сезінуге, түрткілендіруге, көңіл-күйін басқаруға, импульстік көріністерді бақылауға, фрустрациядан бекіну, күнделікті өмірде табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін факторлар жиынтығы; өз интеллектісін көрсету тәсілі».

– Р. Бар-Он: «қоршаған орта талаптары мен әсерлеріне (қысымына) оңтайлы жауап бере алу қабілеттілігі, ортаға оңай бейімделуге ықпал ететін эмоциялық, жеке және әлеуметтік қабілеттер жиынтығы».

– Д. Майерс: «эмоциялық интеллектуалды адамдар өзіндік санасының жоғары дәрежеде дамуымен ерекшеленеді. Олар өз эмоциясына дисфункционалды депрессия, мазасыздық, ашу арқылы нұқсан келтірмеуге тырысып, өмір сүреді. Олардың жанашырлық (эмпатия) көрсете білу қабілеті айналадағы адамдардың эмоциясын дұрыс түсініп, олармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді – олар достарына, әріптестеріне қалай қолдау көрсету керектігін, дау-жанжалды қалай шешу қажеттігін біледі».

Шетелдік психолог-зерттеушілер пікірінше, «эмоциялық интеллект» – өзінің және өзгелердің эмоциясын тани білу, оларды басқара алу; эмоцияны басқару мүмкіншілігі – адамдардың тұлғааралық өзара әрекеттесуіне анағұрлым тиімді бейімделуге көмектеседі.

Ресейлік психологиялық ғылымда «эмоциялық интеллект» ұғымын алғаш қолданған Г.Г. Гарсковая. Ғалым бұл ұғымды енгізу үшін екі негіздемені келтіреді: «интеллект» ұғымының біртекті, ұқсас болмауы және интеллектуалды операциялардың эмоциямен жасалуы [2].

И.Н. Андрееваның пікірінше, «эмоциялық интеллектіні дамыту – аса өзекті мәселе, себебі эмоцияның бейімделуші табиғаты индивидтің белсенді өмір сүруіне мүмкіндік жасап, тұлғаның белгілі бір ортаға бейімделу қабілетін және оның қоғаммен үйлесімді қатынасын арттырады. Эмоциялық интеллект – эмоционалды ақпаратты талдауға, өңдеуге және қолдануға интеллектуалды қабілеттердің жүйелі көрінуі болып табылады. Эмоция тұлғалық құрылымдармен, тұлғалық иденттілікпен тығыз байланысты, адамның негізгі мотивациялық жүйесін бейнелейді. Сондықтан, эмоциялық интеллекті дамыту тұлғаның үйлесімді, тұлғалық дамуына зор ықпалын тигізеді» [3].

Ғылыми психологиялық тұжырымдамаларда эмоциялық интеллект эмоциялық күйлерді түсінуге және оларды басқаруға интеллектуалды қабілеттілік ретінде түсіндіріледі. Абстрактылы, логикалық интеллектімен салыстырғанда эмоциялық интеллект адамның ішкі жан дүниесін, оның тұлға мінез-құлқымен және сыртқы ортамен өзара әрекеттесуін бейнелейді.

Шетелдік ғалымдар эмоциялық интеллектінің дамуының жас ерекшеліктерін анықтап, оның өмірлік тәжірибені меңгеру деңгейіне байланысты жоғарылайтындығын, әсіресе жоғары сынып жасында және кемелдену жасында артатындығын дәлелдеген [4].

В. Юркевич зерттеулерінде дарынды балалардың 95 %-да эмоциялық интеллект қызметінде қиындықтар көрсетіледі. Дарынды балаларда болатын бұл қиындықтар эмоциялық интеллектінің жеткілікті дамымауымен түсіндіріледі [4].

Ғалым-зерттеушілердің анықтауынша, эмоциялық интеллектінің төрт атрибуты бар:

– *Өзіндік сана*. Тұлға өз эмоциясын және өз ойлары мен мінез-құлқын, өзінің күшті және әлсіз тұстарын ұғына біледі, өзіне-өзі сенеді.

– *Өзін-өзі басқару*. Тұлға өзінің импульсивті сезімдері мен мінез-құлқын бақылай алады, эмоцияны позитивті бағытта басқарып, бастамашылдық көрсете біледі, өз міндеттерін орындайды және өзгермелі жағдайларға оңай бейімделеді.

– *Қоғамдық сана*. Адам өзгелердің эмоциясын, қажеттіліктері мен қызығуларын түсінеді, эмоциялық сигналдарды аңғара біледі, әлеуметтік қатынастарда өзін қолайлы сезінеді.

– *Қатынастарды басқару*. Басқалармен жақсы, үйлесімді қатынастарды дамыту әрі сақтау, оларды шабыттандырып, қолдау көрсету, жанжалды басқара білу [6].

Көптеген зерттеушілер (Л.И. Божович, Т.В. Драгунова, В.А. Крутецкий т.б.) бойынша жоғары сынып жасында психологиялық жаңа құрылым – өзіндік сана болып табылады. Жоғарыда көрсетілгендей, өзіндік сана эмоциялық интеллект құрылымында маңызды орын алады. Эмоциялық интеллектінің дамуы тұлғаның эмоциялық өзіндік сана, өзін-өзі бағалау, өзіне сенімділік, қарым-қатынастың эмпатиялық дағдылары, ақ жарқындылық, оптимизм, өзін-өзі жүзеге асыруға бейімділік, жанжалдарды болдырмау тәрізді жеке-дара ерекшеліктерден тұрады. Эмоциялық өрісі жақсы дамыған студенттер ұжымда үйлесімді қарым-қатынаста бола алады, көп жағдайда көшбасшы статусын иеленеді, жаңа жағдайларға оңай бейімделеді, ұжымда әлеуметтік-психологиялық климаттың орнауына мүмкіндік жасайды.

Студенттерде осындай эмоциялық білімді белгілі бір дамытушы жағдайды ұйымдастыру арқылы қалыптастыруға болады. Солардың бірі психологиялық тренинг болып табылады. «Психологиялық тренинг» кең мағынада өзін-өзі тану және өзін-өзі басқару дағдыларын, тұлғааралық өзара әрекеттесу, коммуникативті ептіліктерді дамытуға бағытталған психотерапиялық, психокоррекциялық және үйретуші әдістер жиынтығы [7]№

Психологиялық тренинг мақсаты – студенттердің жеке басын дамытудың келесі міндеттерін шеше алады: мінез-құлықты өзгерту және түзету мақсатында өзіндік сананы дамыту; психологиялық мәселелерді анықтауға және оларды шешуге көмек көрсету; қарым-қатынас негіздерін зерттеу; өзінің және өзгенің эмоцияларын тану және ұғынуды үйрету; өзін-өзі, өз сезімдерін, күйін, ішкі дауысын басқаруды үйрету.

Психологиялық тренингтің негізгі механизмдері келесідей: сезіну, адалдық, кері байланыс, эмпатия, инсайт, коррективті эмоциялық тәжірибе, мінез-құлықтың жаңа тәсілдерін игеру, байқау үрдісінде үйрену, альтруизм, өзгені және өзін қабылдау, мәселені түсіну. Бұл аталғандар тренингке қатысушыларға конструктивті тұлғалық өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Студенттерде эмоционалды интеллектіні дамыту динамикалық үрдіс болып табылады әрі ол рефлексивті бейнелеу негізінде адамды эмоциялық сезіну дұрыстығын қамтамасыз етуші құралдар жүйесін жүзеге асыруды көздейді. Егер тренер нұсқау беру кезінде аталған шарттарды сақтау қажеттілігін ескертсе және тренердің тренингке қатысушылармен қарым-қатынасы осы шарттар негізінде құрылса студенттердің эмоциялық күйлерінен оң өзгерістер динамикасын байқауға болады.

Тренингте қойылған міндеттерді жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратын принциптердің бірі – өз атынан пікір айту, яғни «Мен-айтылым». Тренингке қатысушылардың басты назары өзін-өзі тану, өзін-өзі талдау және рефлексия үрдістеріне аударылуы тиіс. Топтың өзге мүшесінің мінез-құлқын бағалау – өзінде туындаған сезімдер мен әсерленулерді айту арқылы жүзеге асырылуы қажет. Өз көзқарасын білдіру, сезімін ашық айту тренингте оқытып, үйретудің негізгі элементі болып табылады.

Тренингтік сабақтарда маңыздысы – психологиялық сигналдарды зерттеу, ұғыну және сезіну шарттарын жасау: вербалды сигналдар – айту мағынасы, айтылатын сөздерді іріктеу, сөйлеу дұрыстығы және оның бағытталу түрлері: паралингвистикалық – сөздерді айту және дыбыстау ерекшеліктері, дауыс, интонация, қарқыны, ырғақ, сөйлеу қаттылығы т.б.;

вербалды емес – кеңістікті орналасу күйі, ым-ишаралар, көзбен байланысу, жанасу, иістер, сыртқы келбет т.б.

Тренингті жүргізу барысында уақыттың басым бөлігі қатысушылардың арнайы әзірленген жаттығулар мен техникаларды орындауына және алынған тәжірибені талдауға бөлінеді. Тренингте негізгі техникалар – пікірталас, рөлдік ойын, психогимнастикалық жаттығулар, ми штурмы, оқиғаларды талдау, видеосюжеттерді талдау, қатысушылар тәжірибесінен проблемалық жағдаяттарды модельдеу, «осында және қазір» принципі бойынша ағымдағы тәжірибені талдау болып табылады. Атқарылатын жұмыстар төрт бағытта құрылады: өзін-өзі түсінуді, өзін-өзі басқаруды, ықпал ету дағдылары мен эмпатияны дамыту.

«Өзін-өзі түсіну» және «өзін-өзі басқару» бағыттары бойынша тренингке қатысушылар өз эмоциялары мен сезімдерін дұрыс түсінуді үйренеді, эмоцияларды басқару дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін мінез-құлық мотивтерін ұғынады.

Жанашырлыққа қабілеттілік - арнайы жаттығулар көмегімен қалыптастырылады, қатысушыларда жаттығуларды орындау барысында өзінің және өзгелердің эмоцияларын, қажеттіліктері мен мотивтерін байқау және түсіну қабілеттері дамиды. Ықпал ету дағдылары дәлелдеу және сендіру техникаларынан тұратын жаттығулармен дамиды.

Қорытындылай келгенде, эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған психологиялық тренингке қатысу – студенттердің тиімді, сапалы тұлғааралық қатынастарына, кикілжіннің болмауына, студенттер арасында өзара түсіністіктің орнап, үйлесімді қарым-қатынастың орнауына айрықша ықпалын тигізеді. Болашақ педагог-психологтың эмоциялық интеллектісі – психикалық сапалары жеке қатынас пен эмоциялық бояу, сонымен қатар, ойлау мен эмоция арқылы ғана жүзеге асырылады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде педагогикалық-білім беру мекемелеріндегі студенттерді кәсіби дайындауда эмоциялық интеллектіні дамыту аса маңызды екенін көруге болады.

Сондықтан, өмірде табыстарға қол жеткізуде эмоциялық интеллектінің маңызы зор, себебі ол адамға өзгермелі ортаға, қоғамға бейімделуге, адамдарды түсінуге, айналадағылармен тиімді өзара әрекеттесуге мол мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Кузовкин В.В., Баранникова С.А. Концептуализация понятия «эмоциональный интеллект» в психологической науке // Психология и школа. № 2. – / 2014
2. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: АСТ: АСТ Москва: Хранитель, 2008. – 478 с.
3. Андреева И.Н. Развитие эмоциональной компетенции педагога // Психология образования сегодня: теория и практика: Материалы Международной научно-практической конференции / Под ред. С.И. Коптевой, А.П. Лобанова, Н.В. Дроздовой. – Мн., 2003. – С. 166-168
4. Орме Г. Эмоциональное мышление как инструмент достижения успеха. М.: КСП., 2003. С.37
5. Юркевич В. Проблемы эмоционального интеллекта // Вестник практического психолога образования. 2005. № 3 (4). С. 4-10
6. Молдахметова Г.М., Тойымбетова Д.С. Эмоциялық интеллект феномені және оның тұлға аралық өзара әрекеттесудегі маңызы // Қызықты психология № 1 – 2015
7. Карвасарский Б.Д. Психотерапевтическая энциклопедия. СПб.: Питер Ком, 1999. –752 с.

ЗНАЧЕНИЕ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА У СТУДЕНТОВ

К.С. Адильжанова

В данной статье рассматривается важность развития эмоционального интеллекта у студентов. Эмоциональный интеллект – способность человека понимать свои эмоции и адаптироваться к их эмоциональному состоянию. "Эмоциональный интеллект" – умение распознавать свои и другие эмоции, управлять ими; возможность управления эмоциями помогает более эффективно адаптироваться к межличностному взаимодействию людей.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, депрессия, эмпатия, эмоциональный күйлер

DEVELOPING EMOTIONAL STATES IN STUDENTS

K. Adilzhanova

This article discusses the importance of developing emotional intelligence in students. Emotional intelligence is the ability to understand the emotions of a person and others and adapt to their emotional state. "Emotional Intelligence" – to recognize and control the emotions of oneself and others; ability to manage emotions – helps to more effectively adapt to interpersonal interaction.

Key words: emotional intelligence, depression, empathy, emotional states

FTAXP: 14.35.09

А.Р. Токсамбаева, Г.К. Джумажанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ–ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аңдатпа: Мақала педагогтың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру – субъект-субъектілік бағдардың шығармашылық әрекетінің ерекше түрі, ол бір жағынан «өзіндік» процестердің «өзін-өзі тану, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі таныту» қарқынын күшейту мен тиімділігін арттыруға, екінші жағынан, педагог олардың шешімін табу барысында субъектілік бағыт ұстанатындай шығармашылық міндеттердегі қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталған.

Автор мақаласында педагогикалық технологияны оқытудың барынша ұтымды жолдарын іздейтін ғылым ретінде де, оқытуда қолданылатын тәсілдер мен принциптердің түсіндірме жүйесі ретінде де және нақты жүзеге асатын оқыту үдерісі ретінде де түсіндірді. Педагогикалық технологияның мәні - шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу. Педагогикалық технологияның елеулі белгілері – ол педагогтің нақты түпкі ойынан туындайды, оның негізі автордың әдіснамалық, философиялық көзқарасы; педагогикалық әрекеттердің технологиялық тізбегі белгілі бір нәтиже күтетін мақсатпен құрылады; адами және техникалық мүмкіндіктерді даралау және саралау, диалогтық қарым-қатынас тұстанымдары негізінде тиімді пайдаланудағы білім алушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекеті көздейді.

Түйін сөздер: болашақ педагог, кәсіби-дидактикалық құзыреттілік, технология, проблемалық-әрекеттік оқыту, оқытудың контекстілік технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жобалау технологиясы, ойындық оқыту технологиясы

Болашақ педагогтің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шартының бірі – оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру.

А.А. Вербицкийдің пікірінше, кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – студенттердің жоғары оқу орнында оқуы кезеңінде болашақ кәсіби қызметінің толықтай құрылымын қалыптастыру [1]. Бұл дегеніңіз, маманның тұлғасын қалыптастыруда мақсатқа жету үшін әрекеттің бір түрінен (танымнан) талаптары мен мотивтері де, мақсаты, құралы, пәні және нәтижесі де өзгерген екінші түріне (кәсібилікке) көшуді қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру керек. Бүгінгі күні маманды кәсіби дайындау үдерісінде оқу әрекеті мен кәсіби қызметінің арасында қайшылықтар бар екені белгілі. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың белсенді әдістері мен технологияларын қолданудың маңызы ерекше.

XX ғасырдың екінші жартысында педагогикалық әдебиеттерде «білім беру технологиясы» термині пайда болды. Білім беру технологияларының пайда болуы мен қалыптасуы туралы шетел авторларының (Б. Блум, Д. Брунер, Г. Гейс, Дж. Кэрролл, Д. Хамблин және т.б.) және отандық ғалымдардың (С.И. Архангельский, Ю.К.Бабанский, В.В. Беспалько, П.Я. Гальперин, Х.К. Жампейісова, М.В. Кларин, Қ.Қ. Қабдықайыров, Ж.А. Қараев, В.А. Слостенин, Н.Ф. Талызина, П.М. Эрдниев және т.б.) еңбектерінде талданған.

Қазіргі кезде үздіксіз білім беру үдерісінде білім беру технологияларын қолдану ең өзекті мәселеге айналды. Кәсіби білім беру технологияларының өзектілігін анықтайтын факторларға төмендегілерді жатқызуға болады. *Біріншіден*, білімді меңгеруде қажеттілерін таңдауда ақпарат көлемінің өте ауқымдылығы. *Екіншіден*, қазіргі кездегі өркениеттің дамуының техногендік бағытының сапасыз кәсіби маман дайындаудың шығыны туралы ойлауға мәжбүр етуі. Осындай себептер маман дайындаудың сапасын арттыру үшін тиімді білім беру технологияларын іздеуге мәжбүрлеп отыр. Өкінішке орай, дәстүрлі лекциялық-аудиториялық жүйеде оқыту барысында білім беру сапасын арттыру мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – делінген [2].

Білім беру технологиялары әлеуметтік психология, психодидактика, кибернетика, менеджмент және басқару ғылымы сияқты теорияларға сүйенеді және оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіруге мүмкіндік жасайды. Білім беру технологиясын оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін білім саласы; оқытуға ықпал ететін барлық факторларды есепке алу мен іріктеу негізінде оқытуда мейлінше жоғары жетістікке жету мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған ғылыми білім саласы; білімді меңгерудің барлық аспектілерін қамтитын жоспарлаудың, қамтамасыз етудің, басқару мен бағалаудың кешенді, кіріктірілген үдерісі; қойылған білімдік мақсаттарды табысты іске асырудағы оқыту мен тәрбие үдерісінің әдістері мен құралдарының жиынтығы түрінде тұжырымдау кең тараған. «Білім беру технологиясы» ұғымынан басқа «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» (дидактикалық технология), «тәрбиелеу технологиясы», «тұтас педагогикалық үдеріс технологиясы», «педагогикалық үдерісті жобалау технологиясы», «педагогикалық үдерісті жүзеге асыру технологиясы», «педагогикалық және өзара мақсаттас қарым-қатынас технологиясы» және басқалар қазіргі кезде педагогикалық лексионда жиі қолданылады..

Педагогикалық технологиялар В.П. Беспальконың [3], М.В. Клариннің [4], Б.Т. Лихачевтың [5], Г.К. Селевконың [6] және т.б. еңбектерінде зерттеліп, анықтамалар берілген. Ғалымдар В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев және басқалар «Педагогика» оқулығында педагогтың алдын-ала жоспарланған, ретімен жүзеге асырылатын педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттердің жүйесі ретінде қарастырылған «педагогикалық технология» ұғымын енгізді [7]. Сол сияқты К.Х. Закирьянов, Б.Т. Лихачев, А.П. Сейтешев және басқалар оқыту технологиясын әлеуметтік мәдени тұрғыдан зерттеген.

Оқытудың ойындық технологиясының теориясы мен тәжірибесіне байланысты мәселелер М.Ж. Арыстанов, Н.К. Ахметов, Б.А. Қойшыбаев, П.И. Пидкасистый, Ж.С. Хайдаров және басқалардың еңбектерінде терең зерттелуде. Ғалымдардың пікірінше, педагогикалық технология үш түрлі өрісте көрінуі мүмкін: ғылыми, бейнелік және нақты. *Бірінші жағдайда* ол педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және оқыту әдістерін зерттеп, педагогикалық үдерісті жобалаушы бөлігі, аймағы болып табылады. *Екінші орайда* ол үдерістің жүру алгоритмі, жоспарланған нәтижеге жетудің мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдарының бірлігі, ал *үшіншіден*, барлық жеке, заттық және әдіснамалық құралдардың жұмыс істеп, жүзеге асуы ретінде қарастырылады [8].

Сөйтіп, педагогикалық технологияны оқытудың барынша ұтымды жолдарын іздейтін ғылым ретінде де, оқытуда қолданылатын тәсілдер мен принциптердің түсіндірме жүйесі ретінде де және нақты жүзеге асатын оқыту үдерісі ретінде де түсінуге болады. Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу. Педагогикалық технологияның елеулі белгілері – ол педагогтің нақты түпкі ойынан туындайды, оның негізі автордың әдіснамалық, философиялық көзқарасы; педагогикалық әрекеттердің технологиялық тізбегі белгілі бір нәтиже күтетін мақсатпен құрылады; адами және техникалық мүмкіндіктерді даралау және саралау, диалогтық қарым-қатынас тұстанымдары негізінде тиімді пайдаланудағы білім алушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекеті көздейді. Барлық келтірілген анықтамаларға сүйенсек, педагогикалық үдеріс объективті заңдылыққа бағынады және бұл заңдылық оқу үдерісінде неғұрлым кеңірек байқалса, солғұрлым мұғалімнің қойылған мақсатқа жету мүмкіндігі көбейеді. Ғалымдардың пікірінше, оқу үдерісін технологияландырудың негізгі критерийлері төмендегідей:

- *заңдылығы* (осы технологияның негізі болып табылатын белгілі бір ғылыми тұжырымдамаға сүйенуі);
- *тұтастығы* (технологияның сапасын анықтайтын педагогикалық құрылымдық бөліктерінің өзара байланыстылығы);
- *басқарылымдығы* (диагностикалық мақсат қою, оқу үдерісіне мониторинг жүргізу, қажетті түзету енгізу);
- *тиімділігі* (білім беру стандарттарымен сәйкестігі, мақсатқа жетудің мүмкіндігі, уақыттың және экономикалық шығындардың үнемделуі);
- *өзгелердің де қолдануға мүмкіндігінің болуы* [9].

Оқытудың қызметі (функциясы) адами, технологиялық және ізгіліктілік. Оқытудың технологиялық қызметі – бұл «өмір сүру үшін база жасау»; еңбекте, кәсіби қызметте, қоғамдық өмірде, шаруашылықта білік, дағды қалыптастыру; адамдармен қарым-қатынас мәдениетін дамыту т.б. Кәсіби педагогикалық мәдениет аксиологиялық, технологиялық, эвристикалық және тұлғалық компоненттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Кәсіби педагогикалық шеберлік педагогикалық қызметтің жоғары дәрежеде дамуы, педагогикалық технологияларды қолдана білуі, педагогтың адами тұлғасы, тәжірибесі, азаматтық және кәсіби көзқарасы арқылы анықталады. Педагогикалық шеберлік арнайы білім, дағды, әдет, өз қызметінде әртүрлі негізгі әдіс-тәсілдер, амалдарды меңгеруі арқылы қалыптасады. Мұғалім қандай мәселеде болса да ұйымдастырушы, ұстаз, педагогтік қарым-қатынас шебері. Сондықтан, оның бойында мынадай төрт элемент болу керек. Олар: балалардың ұжымдық және жеке әрекеттерін ұйымдастыра білу шеберлігі, сендіре алу шеберлігі, білім беру және қызметінде тәжірибе жинау шеберлігі және педагогикалық техниканы меңгеру шеберлігі. Әсіресе, педагогикалық техниканы, яғни біліктер мен дағдылар жиынтығы – оқушылармен қарым-қатынаста дұрыс жолды таңдай білу, өзінің сезімін, назарын басқара білу, педагогтік тактіні сақтау, әр адамның өзіндік «менімен» санаса білу т.б. Болашақ мұғалім осының бәрін жоғары оқу орны қабырғасында меңгеруі керек. Ғалымдардың [10] зерттеулеріне сүйене отырып, біз төменде жоғары оқу орнында (оның ішінде біздің де болашақ маман дайындау тәжірибеміздегі) жиі қолданылатын білім беру технологияларын анықтадық (1-кесте).

Проблемалық-әрекеттік оқыту технологиясының мәні алдына тек кәсіби білімді меңгеру компонентін ғана емес, оны жүзеге асыру икемділіктерін де меңгеруге бағытталған мақсат қою.

Проблемалық – әрекеттік оқыту технологиясы оқытуда проблемалық және әрекеттік жағдайды кезең-кезеңмен жүзеге асырады. Бірінші кезең – оқытушының қойған проблемалық жағдаятын қабылдап, ой елегінен өткізу. Екінші кезең – қойылған проблемалық жағдаятты шешу әрекеттерінің мүмкіндіктерінің моделін ойластыру және негіздеу (әуелі өздерінің білетін білімдері арқылы, содан кейін жаңа ізденістер арқылы). Үшінші кезең – түзілген модельге сәйкес әрекеті (қабылданған шешімді тағы да бір сараптау). Төртінші кезең – әрекеттің және проблеманы шешудің дұрыстығын талдау. Бесінші кезең – көрсетілген әрекет барысында оқушылардың интеллектуалдық қабілетінің дамуын қамтамасыз ететін ойды талдау, дәстүрлі шешім қабылдаудан, шаблондар мен стереотиптен ойлау әрекетіне шығу.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл технология тек жаңа білімге, жаңа білік, дағдыға ие болуға көмектесіп қоймайды, сонымен қатар әртүрлі кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шешу барысында көптеген тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Кесте 1. – Болашақ педагогтардың кәсіби–дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын технологиялар

Технология	Мәні
Проблемалық-әрекеттік оқыту	Алдына тек кәсіби білімді меңгеру компоненттерін ғана емес, оны жүзеге асыру икемділіктерін де меңгеруге бағытталған мақсат қою.
Контекстілік оқыту	Болашақ кәсіби қызметтің әлеуметтік маңызын және мазмұнын моделдеу, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану
Модульдік оқыту	Қашықтықтан оқытудың мазмұндық модулі бойынша жеке оқу бағдарламасымен өзбетінше жұмыс жасауы
Интерактивті оқыту	Кері байланысты іске асыра отырып, белсенділікті арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйесінде орындалмайтын диалог пен қарым-қатынас

Жобалау технологиясы	Оқытушы көмегімен ұйымдастырылатын және оқушының өзбетінше проблема шешудегі жүзеге асырылатын іс-әрекеттер жүйесі
Зерттеушілік оқыту	Зерттеушілік ізденіс білігі мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, интеллектуалдық іс-әрекет
Ойын арқылы оқыту	Ізденіске, өзгертуге, оқу ақпараттарын меңгеруге бағытталған өзіндік танымдық әрекеті

Оқытудың контекстілік технологиясы проблемалық оқытудың негізгі заңдылықтарын есепке ала отырып жасалған. Мұндағы «контекст» ұғымы ойды ауызша немесе жазбаша толық жеткізу мағынасында қолданылады.

Контекстілік оқытуда бұл ұғым психологиялық категория ретінде қарастырылады, оның көмегімен әртүрлі деңгейде болып жатқан психологиялық үдерістер түсіндіріледі. Адамның кезкелген әрекетін тек қана диалогтық контекст арқылы түсінуге болады. Контекстілік технологияда негізгі тірек тұлға дамуындағы кәсіби ынтаның қалыптасуы болып табылады. Сондықтан, студенттің оқу әрекетінің мазмұны оқу пәні арқылы ғана емес, маманның моделі, яғни болашақ кәсіби қызметі туралы логикасына да байланысты қалыптасады. Бұл оқу үдерісіне тұтастық, жүйелілік бере отырып, оқып отырған пәннің мағынасын терең түсінуін қамтамасыз етеді.

Контекстілік технологияның маңызды элементі студенттің оқу әрекетінің түрі кәсіби іс-әрекет түріне сәйкес келі болып табылады. Бұл жерде үш базалық әрекет түрлерін бөліп айтуға болады: оқу әрекеті (лекция, семинар), квазикәсібилік (кәсіби іс-әрекет түрлерінің моделін бейнелейтін іскерлік ойындар, басқа да ойын түрлері), оқу-кәсіби (студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, өндірістік практика, диплом жұмысын жазу). Бұлардан да басқа кәсіби білім беру мақсаттарына сәйкес келетін кезкелген дәстүрлі және жаңа әрекет түрлерін пайдалануға болады. Контекстілік технологияда адамның табиғи болмысына еліктеуші әдістер қолданылады.

Дискуссия қатысушылардан талқыланып отырған мәселеге өзінің көзқарасын білдіруді, таласта басқалардан өзгеше өзіндік ойының болуын талап ететіндігімен сипатталады. Дискуссия студенттердің қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің қалыптасып, тіл байлығының дамуына тиімді әсер етеді.

Проблемалық семинар дискуссияға қарағанда білімді молайтуға көбірек ықпалын тигізеді, семинарға қатысушылар өз білімдерін толығырақ көрсетуге мүмкіндік алады. Проблемалық семинар жұмысы дәстүрлі семинардағыдай алдын-ала белгілі дайын білім төңірегінде емес, керісінше әлі белгісіз мәліметтерге құрылуы керек. Семинарда студент өзі ізденіп, өзінің еңбегімен материалдар жинағандықтан, білімді тереңірек меңгереді, себебі өзінің жинаған материалдарын өзі жақсы түсініп, есте сақтайды.

Тренинг көбіне біліктілікті қалыптастыру бағытында жүргізіледі. Тренингті ұйымдастыру үшін біліктіліктің қандай деңгейіне қол жеткізуді нақты жобалап, дәл керек мәселені түсініп алу қажет. Бұл жерде диагностикалық мақсат қою тиімділік кепілі.

Модульдік оқыту технологиясының педагогикалық негізі америкалық философ Дж. Дьюидің педагогикалық жүйенің ядросы оқушы болып табылатын, өз бетінше білім алу және өзін-өзі бақылау басым маңызға ие тұлғалық – орталандырылған оқыту идеясына бағытталған. Модульдік оқыту технологиясының психологиялық негізі – «білімді толық меңгеру жүйесі» (Дж. Кэрролл, Б. Блум т.б.), бір оқу материалын оқушылардың интеллектуалдық қабілетінің әртүрлілігіне байланысты меңгеруге түрліше уақыт талап етіледі, бірақ дәстүрлі оқытудың сыныптық жүйесі жеке жұмыстануға жол бермейді, белгілі бір материалды бір мезгілде игеруді талап етеді. Сондықтан, әр оқушы материалды меңгеруге жеткілікті уақытқа ие болса өте тиімді болған болар еді [11-12].

Жоғары оқу орындарында модульдік оқыту технологиясы әлемде кеңінен қолданылады. Мысалы, Ұлыбританияда студенттің жинаған рейтингісі мен меңгерген модульдерінің саны оның білім деңгейін көрсетеді. Оқуға түсерде талапкер оқыған кезде әрбір оқу модулінен міндетті түрде алуға тиіс білім мен біліктің тізбесімен танысады. Бұл оған кәсіби білім алудың басынан бастап белгілі бір біліктілікті меңгеруге көмектеседі.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, модульдік оқыту технологиясының сипаттамаларын төмендегіше анықтадық:

- әрбір оқу модулі бойынша диагностикалық мақсат қою;

- оқу кешенінің әртүрлі оқу модульдерінен тұратын мазмұнын, оқыту әдістерін, бақылау және бағалау жүйесін өзгертіп отыруға икемділігі;
- берілген модульдің мақсатын сезіне отырып түсіну;
- студенттің басқа әрекеттерге қарағанда нақты тапсырмалар жүйесінде білімін өзін-өзі тексеруге мүмкіндік беретін өзіндік жұмыстардың басым болуы;
- оқытушының әріптес ретінде кеңес беруінің басымдығы;
- студенттің өзінің әрекетін өзі қорытындылауы.

Оқу модульдерін жобалауда білімді және білік, дағдыларды меңгеру деңгейіне сәйкес оқу тапсырмаларының жүйесін жасалды. Модульдік оқыту жүйесінде оқу тапсырмаларының орындалысы бақылау мен өзін-өзі бақылаудың тиімді тәсілі ретінде тест арқылы тексеріледі.

Интерактивтік технологиялар оқытудың әдістері мен түрлерінің, бағдарламаларының интерактивті мүмкіндіктері кері байланысты іске асыра отырып, студенттің белсенділігін арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйелерінің көбінде орындалмайтын диалог пен тұрақты көмекті де іске асыруға мүмкіндік береді. Демек, бір-бірімен бетпе-бет кездесусіз-ақ студент пен оқытушы арасында интерактивті қарым-қатынас орнату және пән бойынша білім мен дағдының белгілі бір мөлшерін өз бетінше игеру.

«Интерактивтік» термині ағылшынның өзара белсенділік мағынасындағы «interaction» сөзінен шыққан. Бұл термин көбіне – көп информатика, коммуникация және өндірістік дизайн саласында кеңінен қолданылады.

Біздің тәжірибемізде интерактивті дәріс педагог жетекшілігімен ұйымдастырылатын дәстүрлі оқыту тәсілі мен жекелей компьютерлік оқытудың ұтымды жақтарының үйлесімінен тұрады. Компьютер мұғалімнің белсенді көмекшісіне айналды. Ақпараттық-танымдық мазмұнмен қатар, интерактивті дәріс мазмұндау барысында компьютерлік слайдтарды қолдану арқасында эмоционалдық сипатқа ие.

Интерактивтілік келесі құралдар арқылы жүзеге асырылады:

- *ақпараттық құралдар: компьютер мен интерактивті тақта.* Компьютер ақпаратты өңдеуге арналған эмбебаб құрал, интерактивті тақта – компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және дәріс берушіге немесе баяндамашыға ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіру арқылы дәріс өткізуге мүмкіндік беретін құрал;
- *программалық құралдар немесе «электрондық басылымдар»:* электрондық оқулықтар, электрондық дидактикалық материалдар, электрондық анықтамалар, электрондық энциклопедиялар, жаттықтырушы және дамытушы компьютерлік программалар.

Оқу үрдісінде интерактивтік тақтаны қолдану оқушылардың назарын оқу үдерісіне аударып, қызығушылығын тудырып, ынтасын арттырады. Программаларды көрнекі түрде басқару, тез белгілеу, тақтада балалардың көз алдында қолмен түзетулер енгізу, жазып алынған файлдарды оқушыларға сыныпта таратылатын материал, үйде өзіндік жұмыс ретінде орындалатын тапсырма түрінде беруге жағдай жасайды. Балаларға тақта алдында ұялуды және қорқынышты жеңуге көмектеседі, оларды оқу үдерісіне оңай қызықтырады. Сыныпта немқұрайлы оқушы кездеспейді, барлық пәндер бойынша оқу оқушылар үшін жеңіл және тартымды, қызықты бола бастайды. Сондықтан интерактивті тақтаны бастауыш сыныпта оқыту үдерісінде қолдана білуге үйрену болашақ мұғалімдер үшін өте қажет.

Жобалау технологиясы тек қандай да білім беріп қоймайды, ақпарат алу, оларды теориялық, практикалық кәсіби қызметінде қолдана білу тәсілдеріне, студенттерді топпен де, жеке де жұмыс істеуге үйретеді; әртүрлі ұйымдастырушылық шешімдерді өз бетінше қабылдай білу біліктілігін қалыптастырады; коммуникативтік біліктілігін дамытады; фактілер мен құбылыстарды талдау, салыстыру, сәйкестендіруді үйретеді; студенттердің идея тастау, болжау және оларды шешу біліктілігін дамытады; білім беру үдерісінде танымдық шығармашылық құзыреттілігінің негізі ретіндегі субъектінің шығармашылықпен ойлау қалыптасады; студенттердің түйіндік құзыреттіліктерін қалыптастыру жүзеге асады.

Жоба – латынша PROJECTUS - «алдын-ала» (Д. Дьюи, У. Килпатрик, С. Шацкий), «алға тасталған ой, алға шығып сөйлеуші», - деген мағынаны білдіреді. «Жобалауға оқыту», «оқушылардың жобалау әрекеті» туралы соңғы кезде көп айтылып жүр. Жобалаудың зерттеуден айырмашылығы – жобалау тәжірибеге бағдарланған. Жобаны жүзеге асырушы адам жаңаны ғана емес, өзінің алдында тұрған нақты проблеманы шешеді [13].

Жобалау технологиясы педагогикада жаңа әдіс емес. Ол өткен ғасырда АҚШ-та пайда болды. Оны философия және білім берудің гуманистік бағытымен байланыстырып Дж.Дьюи, ISSN 2311-4770 Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ хабаршысы. Педагогика сериясы № 4(20) 2018 70

В.Х. Килпатрин енгізген мәселелер әдісі деп атады [14]. Еуропада жоба технологиясы ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарында енгенмен, тиімді нәтиже бермеген болатын. Себебі, жоба технологиясының теориясы жеткілікті зерттелмеген еді.

Жоба – оқытушы көмегімен ұйымдастырылған және студенттің өзбетінше проблема шешудегі жүзеге асырылған іс-әрекеттер жүйесі. Жобалау технологиясының негізгі идеясы – студенттің нәтижеге бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Нәтиже практикалық немесе теориялық маңызды проблеманың шешімі болуы тиіс.

Біздің жағдайымызда ортаға студент↔оқытушы болып тақырып тасталады. Содан соң студенттер өз ойларын айтады. Сыртқы нәтиже: – оны көруге болады, тәжірибеде қолдануға болатын өнім. Ішкі нәтиже – студенттің тәжірибесі (білік, білім, құзыреттілік, құндылықтар).

Қажетті құзыреттіліктер: жауапкершілікті өзіне алу; бірлесіп шешімге келу; таңдау жасау; талдау, бағалау.

Тұжырымдық позициялар: ізгілендіру ұстанымы; ынтымақтастық; басқаның пікірін сыйлау; нәтижеге жауапкершілік.

Оқытушының міндеті:

– Зерттеу және іздену әдістерін терең меңгеру және оны студенттермен ұйымдастыру;

– Студенттердің өз пікірін еркін айта алатындай дискуссиялар ұйымдастыру;

– Студенттерді қойылатын мәселені шешу жолын іздестіруге бағыттау;

– Жобаның проблемасын шешу үшін ғылымның әртүрлі саласынан алған білімді кіріктіруге үйрету.

Жобаның түрлері: *тәжірибеге бағытталған жоба, зерттеушілік жоба, шығармашылық жоба, ақпараттық жоба.*

Жобалау әрекетінде студенттердің өзгермелі өмірлік жағдаяттарға бейімделу, қажетті білімді өз бетінше ала білу, практикада туындап отыратын мәселелерді шеше білу қабілеттерін шешуге мүмкіндік беретін танымдық белсенділік басымдық алады. Жобалау әдісі әруақытта студенттің әдейі бөлінген уақытта (бірнеше минуттан бірнеше аптаға, кейде айға дейін жеке, қосарлы, топпен) өзбеттерінше әрекет етуіне бағытталған. Жобалаудың зерттеуден айырмашылығы – ол тәжірибеге бағдарланған. Жобаны жүзеге асырушы адам жаңаны ғана емес, өзінің алдында тұрған нақты проблеманы шешеді. Жобалау әдісін мәселенің нақтылығы; алынған нәтиженің практикалық, теориялық, танымдық мәні; студенттің өзіндік әрекеті; жобаның кезеңдері көрсетілген мазмұндық бөлімін құрастыру; жобаны орындауға зерттеушілік әдістерді қолдану; зерттеу әдістерін, алынған мәліметтерді талдау, қорытындысын шығару, соңғы нәтижені түзетіп, реттеу, тұжырым жасауға байланысты «жобалау технологиясы» деп атайды [15]. Өкінішке орай, қазіргі студенттердің басым бөлігі ақпарат алудың әртүрлі әдебиеттер, электрондық басылымдар, интернет сияқты көптеген көздері бола тұрса да білім алуға белсенділік көрсетпейді. Бұл жерде негізгі мәселе қоғамдағы өте көп ақпарат ағымына байланысты студенттер өздеріне керекті мәселелерді іздеп табу жолдарын біле бермейді, дайын материал алуды көздейді. Бұл мәселені шешу үшін студенттерді жобалау әрекетіне үйретудің мынадай кезеңдерден тұратын дайындық жүйесі ұсынылады:

– жобалау алды қызмет;

– қысқа және орта мерзімді жобаларды орындау;

– оқытудың классикалық құралдарын қолданып, орта және ұзақ мерзімге арналған моножобаларды орындауды ұйымдастыру;

– жаңа ақпараттық технология құралдарын қолдану арқылы ұзақ мерзімді моножобаларды орындау;

– пәнаралық және факультетішілік жобалармен жұмыс [16].

Жобалау технологиясы студенттерді өз ойларын өздеріне ыңғайлы уақытта, шығармашылық түрде ұйымдастырылып, ойластырылған түрде жеткізе білуге дағдыландырады, өздерін-өздері іске қосып, өз іс-әрекетіне баға беруге, тексеруге әсерін тигізеді. Ең бастысы жобаның құрылысы қандай болатынын және тұсау кесері қандай түрде өтетінін студенттердің өздері шешеді. Жобамен жұмыс істей отырып, студенттер жеке де, топпен де өз беттерінше керекті мәліметтерді табуға, түрлі дерек көздерін пайдалануға үйренеді. Оқытушы олардың тең құқылы кеңесшісіне айналады. Бірігіп жұмыс жасау ұжымды жақындастырады, студенттердің бірі-бірімен қарым-қатынасы, тек өз жұмысына емес, бүкіл

ұжым жұмысына деген жауапкершілігін арттырады. Әрбір студент өзі бастаған жұмысының толық нәтижесін көру үшін оны жақсы аяқтауға тырысады. Мұндай оқу технологиясы білімгерлерге шығармашылық ізденіске дағдылануды, ұжымда жұмыс жасауды үйретеді. Дәстүрлі сабақтардан гөрі жобалау технологиясын қолданған сабақтар оқытушыға да, студентке де жауапкершілік жүктейді, шығармашылық ізденісті талап етеді. Жоба технологиясын қолдану студенттердің болашақ мамандығына қызығушылығын арттыруға, оны меңгеруіне, мектепке барған кезде балалармен жаңаша жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыруға, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ойындық оқыту технологиясы белсенді оқыту технологияларының бірі. Ойындық оқыту әдісі имитациялық және имитациялық емес болып бөлінеді.

Имитациялық емес әдіске проблемалық лекция, дөңгелек үстел, лекция – конференция, алдын-ала жасалған конспект бойынша лекция, шолу лекциясы, коллоквиум, бағдарламалап оқыту, семинар, тақырыптық дискуссияға арналған көшпелі сабақ, топтық консультация, олимпиада жатады. Имитациялық әдіс ойындық және ойындық емес болып екіге бөлінеді.

Ойындық имитациялық әдіске тиімді шешім таңдаудың көп нұсқалылығы, «миға шабуыл», іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, жеке технологиялық үдерісті ойын арқылы жобалау, ал ойындық емес имитациялық әдіске ситуациялық шешімдер, жекелеген міндеттерді шешу, сабақтың қорытындысын шығару және оқытушының бағалауы, ұсынылған нұсқаларды талқылау, семинар өткізу, жеке тренажер жатады.

Оқытудың белсенді имитациялық әдістерінің ішінде ойын әдісі кең тараған. Іскерлік ойындар әдісі 1930-шы жылдардың басында Мәскеу, Ленинград, Харьков т.б. қалалардағы жоғары оқу орындарында пайдаланылды.

